

ҚАУІПСІЗДІК ҚАТАҢ ТЕКСЕРУДЕН ӨТУДЕ

4-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА



БАЛАНЫ ЖАСТАН БАУЛЫҒАН ЖӨН

5-БЕТ | МӘСЕЛЕ



АЛТЫНДЫ ТОТ БАСПАЙДЫ

7-БЕТ | ТҰЛҒА

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Электр қуаты, жылу және су – тұрмысқа аса қажетті игіліктер. Соның бәрін үнемдеп, ақылмен пайдаланған абзал. Жалпы, бұл – тұтас экономикаға ортақ талап. Ысырапшылдыққа жол беруге болмайды. Халқымыз «Үнемшілдік – ырыстың кілті» деп бекер айтпаған. Біз осы қасиетті ұлттық дағдымыз етіп, қоғамда мүлдем жаңа мәдениет қалыптастыруымыз керек.

№149
(4893)
Бейсенбі
18 желтоқсан
2025 жыл

ELORDA AQPARAT

ASTANA AQSHAMY

Елорда шежіресі 35 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ЭКОНОМИКА ӨСІМІ АРТТЫ

Үкімет отырысында Премьер-министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин Қазақстан экономикасының даму қарқыны туралы баяндады.

Еліміз бойынша биылғы қаңтар-қараша айларының қорытындысына сәйкес, экономикалық өсім 6,4 пайызды құрады. Нақты сектордағы өсім 8,3 пайызға жетіп, қызмет көрсету саласындағы өсімнен (5,3 пайыз) жоғары болды.

«Экономикалық өсімнің негізгі қозғаушы күштері – көлік, құрылыс және тау-кен өнеркәсібі. Сауда көлемі 8,8 пайызға, ауыл шаруашылығы 6,1 пайызға, өңдеу өнеркәсібі 5,9 пайызға өсті. Экономиканың өсуіне инвестициялар да ықпал етуде. Негізгі капиталға салынған инвестициялар 13,3 пайызға артып, 18,5 трлн теңгені құрады. Оның ішінде жеке инвестициялар 9,8 пайызға өсті» деді Премьер-министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі.

ҚОСЫМША 100 РЕЙС ҰШАДЫ

Жаңа жыл мерекесіне орай еліміздің бірқатар әуе бағытында жолаушылар сұранысының артуына байланысты қосымша рейстер ұшады.

Көлік вице-министрі Талғат Ластаевтың төрағалығымен Air Astana, FlyArystan, SCAT, VietJet Qazaqstan әуе компанияларының, сондай-ақ Астана және Алматы қалалары әуежайлары басшылығының қатысуымен өткен кеңесте мереке күндері әуежайлар мен әуе компанияларының жұмыс режимін күшейту жөнінде шешім қабылданды. Атап айтқанда, мерекелік кезеңде жолаушылар сұранысының артуын қамтамасыз ету мақсатында Астана-Алматы, Алматы-Орал, Алматы-Семей, Астана-Түркістан, Астана-Ақтөбе, Алматы-Ақтау, Алматы-Ақтөбе және Астана-Шымкент бағыттары бойынша 100 қосымша рейс ұйымдастыру жоспарланды.



ТАЛПЫНҒАНҒА ЖҰМЫС ТАБЫЛАДЫ

Елордада тұрғындарды жұмыспен қамту бойынша жүйелі жұмыс атқарылып келеді. Жыл басынан бері жұмыс іздеген 16,4 мың адамға қолдау көрсетіліп, 8,1 мың адам тұрақты және уақытша жұмысқа орналасты. Бас қалада жұмыс істеуге немесе жаңа мамандықты игеруге талпынғандарға арналған бірқатар жоба іске қосылған.

«КЕЛЕШЕК МЕКТЕПТЕРІ» КӨБЕЙДІ



Астана қаласында 2024-2025 жылдары екі ауысымда оқытуға арналған жалпы сыйымдылығы 84800 оқушы орнын құрайтын 23 мектеп пайдалануға берілді.

Былтыр екі ауысымда 56800 оқушыға арналған 16 заманауи мектептің құрылысы толық аяқталған. Бұл өз кезегінде қаладағы 6 мектепте үш ауысымды оқыту мәселесін толық шешуге, сондай-ақ 9 білім беру ұйымындағы оқушы тығыздығын айтарлықтай азайтуға мүмкіндік берді. Ал биыл екі ауысымда 28000 оқушы орнын қамтитын тағы 7 мектеп пайдалануға берілді. Осының арқасында 2 мектептегі үш ауысымды оқыту толық жойылып, 7 мектептегі оқушы тығыздығы төмендеді. Жоба нәтижесінде Астана қаласында үш ауысымды оқыту мәселесі кезең-кезеңімен шешіліп, заманауи мектептер саны арта түсуде.

20-21 ЖЕЛТОҚСАН

«СОҒЫМ-FEST» ЕТ ЖӘРМЕҢКЕСІ

Бас қалада Ақмола, Абай, Қарағанды, Түркістан және Павлодар облыстарының ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілердің қатысуымен кезекті ет жәрмеңкесі өтеді. Жәрмеңке Алаш тасжолы, 35Б мекенжайында орналасқан «Keryen joly» сауда орталығының автотұрақ аумағында ұйымдастырылады.



№149 (4893) 18/12/2025 Бейсенбі



ҮНЕМШІЛДІК – ЫРЫСТЫҢ КІЛТІ

Ақордада өткен салтанатты жиында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биыл Жұмысшы мамандықтары жылы аясында еңбек адамдарына ерекше құрмет көрсетіліп жатқанын атап өтіп, энергетика саласы мамандарын кәсіби мерекесімен құттықтады.

«Энергетика саласы – еліміз үшін стратегиялық маңызы бар сала. Тұрақты қуат көзі болмаса, қуатты мемлекет құру мүмкін емес. Энергетика саласында қызмет ету – еліміздің дамуына үлес қосу деген сөз. Себебі сіздер атқарып жатқан жұмыстың игілігін еліміздегі әр отбасы, әр адам көреді. Әрбір үйге жарық пен жылу беру – жауапкершілігі зор жұмыс. Қажырлы еңбектеріңіз үшін баршаңызға шынайы ризашылығымды білдіремін» деді Президент.

Мемлекет басшысы еліміздің өсіп-өркендеп келе жатқанына назар аударды.

«Біз экономиканы және инфрақұрылымды дамытуға баса мән беріп отырмыз. Заманауи өндіріс орындарын ашып жатырмыз. Еліміз жаппай цифрландыру және жасанды интеллект дәуіріне қадам басты. Қазақстан болашақта толыққанды цифрлық ел болуға тиіс. Осы мақсатқа жету үшін ауқымды жұмыс қолға алынды. Астанада Халықаралық жасанды интеллект орталығы құрылды. Жақында белгілі американдық компанияның технологиясы бойынша жасалған суперкомпьютер іске қосылды. Жаһандық үрдістерге сай жаңа «дата-орталықтар» салынады, «бұлтты» инфрақұрылым қалыптасады. Әрине, мұның барлығы энергетика саласы үшін үлкен сынақ болмақ. Сондықтан осындай маңызды міндеттерді жүзеге асыру үшін энергетика саласын түбегейлі жаңғыртуымыз керек» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент қазір осы бағытта атқарылып жатқан нақты жұмыстарға тоқталды.

«Соңғы алты жылда электр энергиясын өндіру 16 миллиард киловатт-сағатқа артты. Бұл Қарағанды облысы сияқты өндірісі өркендеген аймақтың бір жылдағы қуат тұтыну көлемімен бірдей. Қазіргі кезде Қазақстанның электр энергетикасы жүйесіне жалпы қуаты 25 гигаваттан асатын 237 электр станциясы кіреді. Ал іс жүзінде қолданыстағы жалпы қуат көлемі – 21 гигаватт. Мемлекет жүргізіп отырған жүйелі шаралардың арқасында энергия нысандары мен инженерлік-коммуналдық желілердің орнықтылығы айтарлықтай күшейді. Өткен жылғы жылыту маусымында технологиялық ақаулар 27 пайызға қысқарды. Тоғыз жылу электр орталығы тәуекелдің «қызыл» аймағынан шықты, ал үш станция «жасыл» аймаққа өтті» деді Мемлекет басшысы.

Бұл орайда Қасым-Жомарт Тоқаев инфрақұрылымды қалыпты деңгейде ұстап тұру үшін «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасы іске қосылғанын еске салды.

«Соның нәтижесінде үш жыл ішінде тек кәсіпорындардың күрделі жөндеу жұмыстарына 900 миллиард теңгеден астам жеке инвестиция тартылды. Бұл жұмыстың қарқынын бәсеңдетпеу керек. Алдымызда сенімді әрі заманауи энергетика инфрақұрылымын қалыптастырып, экономиканың дамуына тиісті жағдай жасау міндеті тұр. Осы орайда Үкімет «Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту» жөніндегі ұлттық жобаны іске асыра бастады. Оның аясында 2030 жылға дейін кемінде 200 нысанға реконструкция жасалады, 86 мың шақырым желі жаңарады. Үкіметке еліміздің энергетикалық әлеуетін ұдайы арттыру міндеті жүктелді. Бұл – Қазақстанның экономикалық дамуын одан әрі табысты жүзеге асыру үшін аса маңызды. Еліміз экспорттық әлеуеті зор энергетикалық державаға айналуы керек» деді Мемлекет басшысы.

Президент салада таяу жылдары атқарылатын нақты жұмыс бағыттарын атап өтті.

«Қазақстанның энергетикалық әлеуетін нығайту – басымдыққа ие міндет. Биыл батыс аймақтардың электр желісін күшейтетін бірегей жоба аяқталады. Бұл жоба Батыс Қазақстан, Атырау, Маңғыстау облыстарының энергетикалық тораптарын біріктіреді. Енді осы тораптарды бірыңғай ұлттық энергетика жүйесіне жалғау қажет. Елімізде басқа да ірі жобалар қолға алынып жатыр. Атап айтқанда, Екібастұздағы екінші ГРЭС-те жаңа энергоблоктар салынады. Сондай-ақ үшінші ГРЭС-тің құрылысы басталмақ. Бұл нысандар еліміздегі энергетика жетіспеушілігін жоюға тиіс. 2026 жылы Алматыдағы электр станцияларын жаңғырту – Үкімет пен әкімдік алдында тұрған маңызды мақсат. Сол арқылы ауаның ластану деңгейін төмендетіп, қаланың экологиялық ахуалын жақсарту қажет. Бұған қоса, келесі жылы Қызылорда және Түркістан облыстарында бу-газ қондырғысы бар электр станцияларын толық іске қосу керек. Біз 2035 жылға дейін 26 гигаваттан астам қуат көзін өндіретін нысандарды іске қосуды жоспарлап отырмыз» деді Мемлекет басшысы.

Президенттің пікірінше, Қазақстанның табиғи ресурстарын және өндірістік әлеуетін ескерсек, біз электр қуатын басқа елдерден сатып алмауымыз керек.

«Түптеп келгенде, бұл – ұлттық қауіпсіздік мәселесі. Бұдан бөлек, еліміздің зор энергетикалық мүмкіндігін тиімді қолдану қажет. Мысалы, Қазақстан – көмірге бай ел. Жыл сайын 110 миллион тоннадан астам көмір өндіріледі. Осы стратегиялық артықшылықты дұрыс пайдаланған жөн. Біз заманауи үлгідегі «таза көмір» технологиясына тезірек көшуіміз керек. Сол арқылы көмір станцияларының тиімділігін арттыра түсеміз. Бұдан бөлек, Курчатов қаласында жылу электр станциясын, Көкшетау, Семей, Өскемен қалаларында жылу электр орталықтарын салу қажет. Осы нысандардың барлығына «таза көмір» технологиясын енгізу керек. Шындығын айтсақ, бұл жобалардың жүзеге асуы әбден созылып кетті. Енді әрі қарай күтуге болмайды» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұл ретте Мемлекет жаңартылатын энергия көздерін дамытуға да тиісті көңіл бөлініп жатқанын жеткізді.

«Еліміздегі көмір қоры – шамамен 33 миллиард тонна. Соған қарамастан, біз жаңартылатын қуат көздерін дамытуға баса назар аударып отырмыз. Соңғы 5 жылда осы салаға 2,5 миллиард долларға жуық инвестиция салынды. Соның нәтижесінде энергетика секторындағы жаңартылатын қуат көздерінің үлесі 7 пайыздан асты. Экологиялық тұрғыдан таза энергия өндірісін одан әрі дамыту үшін әлемдік ең үздік компаниялармен әріптестік орнаттық» деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев қазір бүкіл әлем түбегейлі бетбұрыс кезеңін бастан өткеріп жатқанын алға тартып, атом станциясының құрылысын бастау туралы стратегиялық шешімнің маңызына назар аударды. Президенттің пайымдауынша, бұл болашақта еліміздің энергетикалық келбетін түбегейлі өзгертіп, экономикамызды қайта құруға ықпал етеді.

«Балқаш атом электр станциясының құрылысы, одан кейінгі салынатын екінші АЭС Қазақстанның энергетикалық әлеуетін арттыратыны сөзсіз. Сондай-ақ ядролық энергетика сияқты маңызды салада жаңа бағыттардың дамуына септігін тигізетін болады. Қазақстанның энергетикалық картасында атом станциясының пайда болуы ел экономикасының жаңа әрі сапалы деңгейге көшкенін білдіреді. Жалпы, дүние жүзінде болып жатқан ауқымды өзгерістердің энергетика саласына ықпал ететіні сөзсіз. Әлемде қуат көздеріне қызу тартыс жүріп жатыр десек, артық болмайды. Бұған сақадай сай дайын болғанымыз жөн. Мемлекет энергетика мамандарының жаңа буынын даярлап, осы саланың әлеуетін арттыра береді. Бірақ азаматтарымыз да бұл мәселеге жауапкершілікпен қарауы керек. Электр қуаты, жылу және су – тұрмысқа аса қажетті игіліктер. Соның бәрін үнемдеп, ақылмен пайдаланған абзал. Жалпы, бұл – тұтас экономикаға ортақ талап. Ысырапшылдыққа жол беруге болмайды. Халқымыз «Үнемшілдік – ырыстың кілті» деп бекер айтпаған. Біз осы қасиетті ұлттық дағдымыз етіп, қоғамда мүлдем жаңа мәдениет қалыптастыруымыз керек. Сіздердің қажырлы қызметтеріңіз – еліміздің энергетикалық дербестігінің мызғымас кепілі. Әділетті, Таза, Қуатты Қазақстанда өздеріңіз сияқты еңбек адамдары ең жоғары сый-құрметке лайық» деді Мемлекет басшысы.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің энергетика саласын дамытуға елеулі үлес қосқаны үшін бір топ азаматты мемлекеттік наградамен марапаттады.

ЭНЕРГЕТИКТЕРГЕ НАГРАДА ТАБЫС ЕТТІ

Энергетик күні қарсаңында Премьер-министр Олжас Бектенов Қазақстан Президенті атынан кәсіби мерекемен құттықтап, сала қызметкерлері мен ардагерлеріне мемлекеттік наградалар табыс етті.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев біздің алдымызға энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша стратегиялық міндет қойды. Осы орайда, өндіріс орындарының тиімді жұмысы, шағын және орта бизнестің дамуы, коммуналдық сектордың тұрақтылығы және азаматтарымыздың тұрмыс сапасы бірінші кезекте энергетиктердің табанды еңбегімен тікелей байланысты екенін атап өткім келеді. Президент жариялаған Жұмысшы мамандықтары жылы аясында Қазақстанда еңбек адамдарына ерекше көңіл бөлінуде. Сіздердің кәсібилігіңіз бен адалдығыңыз ең жоғары құрметке лайық. Өздеріңіздің арқаларыңызда маңызды өндіріс және технология нәтижелеріне қол жеткізіп отырмыз» деп атап өтті Олжас Бектенов.

Премьер-министр энергетика саласындағы негізгі жетістіктерді атап өтті. Онда бүгінгі таңда 53 мыңнан астам маман – монтерлер, электротехниктер, инженерлер, операторлар және басқа да кәсіп өкілдері еңбек етеді. Еліміздің бірыңғай энергетикалық жүйесі ірі инфрақұрылымдық кешен ретінде тұрақты режимде жұмыс істеп тұр. Биыл электр энергиясын өндіру көлемін 122 млрд киловатт-сағатқа дейін ұлғайту күтілуде (2024 жылы – 117,9 млрд киловатт-сағат). Президент тапсырмасы бойынша электр энергетикасы саласын жаңғырту және дамыту бойынша жүргізіліп жатқан ауқымды жұмыстардың нәтижесінде энергия өндіруші кәсіпорындардың жобалық қуаты мен сенімділігі артып, жылу-электр стансаларының орташа тозу деңгейі 61%-ға дейін төмендеді. «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасы генерация секторына капиталдың нақты ағынын қамтамасыз етті. Мәселен, биылдың өзінде ғана электр стансаларын жаңғыртуға шамамен 350 млрд теңге бағытталды. Оңтүстік аймақтың электр желісін күшейту және Батыс Қазақстанның энергия жүйелерін бірыңғай энергетикалық жүйемен біріктіру жөніндегі жобаларды жүзеге асыру басталды.

Мәжіліс Қылмыстық кодекс пен Қылмыстық-процестік кодекске толықтырулар енгізу туралы заңды екінші оқылымда қабылдады. Құжатты денсаулық сақтау қызметкерлеріне физикалық зорлық-зомбылық пен қатыгездік көрсеткені үшін жазаны күшейту туралы Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес депутаттар әзірлеген.

ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚҚА ЖАЗА КҮШЕЙЕДІ

Қылмыстық кодекске енгізілетін түзетулер аясында медицина қызметкерлері мен жедел жәрдем жүргізушілеріне қатысты күш қолдану немесе күш қолдану қаупін төндіргені үшін қылмыстық жауапкершілік белгілейтін жаңа 380-3-бап енгізіледі.

Адам өмірі мен денсаулығына қауіпті емес күш қолданғаны үшін немесе күш қолданбақ болғаны үшін 500-ден 1000 АЕК-ке дейін айыппұл салу, не болмаса сол мөлшерде түзету жұмыстарына немесе 600 сағатқа дейін қоғамдық жұмыстарға тарту, 2 жылдан 3 жылға дейін бас бостандығын шектеу немесе айыру жазасы ұсынылады. Егер ауыр әрекет жасалса, жаза 3 жылдан 7 жылға дейін бас бостандығын шектеу немесе бас бостандығынан айыру түрінде күшейеді. Адам өмірі мен денсаулығына қауіпті күш қолдануға қатысты 5 жылдан 10 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қолданылады. Ауыр жағдайда жасалған болса, 7 жылдан 12 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы беріледі.

Қылмыс құрамының элементтерін саралау үшін депутаттар медицина қызметкерлері мен жедел жәрдем жүргізушілерін күш қолдана отырып қорқытқаны үшін бөлек жауапкершілік белгіленгенін айтты. Ұсынылып отырған жазаларға 200-ден 500 АЕК-ке дейін айыппұл салу немесе сол мөлшерде түзеу жұмыстары, не болмаса 300 сағатқа дейін қоғамдық жұмыстарға тарту немесе екі жылға дейін бас бостандығын шектеу немесе бас бостандығынан айыру жазасы кіреді. Ауыр әрекет жасалған жағдайда, екі жылдан үш жылға дейін бас бостандығын шектеу немесе айыру жазасы беріледі. Сонымен қатар жобада аясында Қылмыстық-процестік кодексте ішкі істер органдарының осы санаттағы істер бойынша алдын ала тергеу және анықтау жүргізу құзыреті белгіленеді.

№149 (4893) 18/12/2025 Бейсенбі



ЗЕЙНЕТКЕРЛЕР ЕМХАНА ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Астана қаласы Есіл ауданында орналасқан «Сиань» клиникасында зейнеткерлерге арналған ашық есік күні өтті.

Гүлмира АЙМАҒАНБЕТ

Аталған іс-шара әлеуметтік маңызы бар бастама ретінде ұйымдастырылды. Мақсат – аға буын өкілдерін қолдау, аурудың алдын алу шараларын кеңінен насихаттау және белсенді ұзақ өмір сүру бағдарламаларын дамыту. Ашық есік күніне зейнеткерлер мен Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының өкілдері қатысып, оларға кеңес берілді.

«Сиань» ЖШС – неврология бұзылыстарын оңалту және емдеу, тірек-қимыл аппараты аурулары, созылмалы ауырсыну синдромдары, ұйқының бұзылуы, ішкі ағза патологиясы мен жасқа байланысты өзгерістерді емдеуге маманданған емхана.

Іс-шара аясында қонақтар клиниканың бөлімшелерін аралап, ересектер мен балаларды оңалту бағыттарымен танысты, неврология ауруларын емдеуде дәстүрлі қытай медицинасы әдістерінің қолданылуы туралы ақпарат алды. Сонымен қатар мамандардың емдік шөптерді қалай іріктеп дайындайтыны әрі емдеуде қалай қолданылатыны түсіндірілді.

«Сиань» клиникасының басшысы Ерлан Жолдаспайдың айтуынша, мұндай медицина орталығын ашу идеясы 2018 жылы Қытайдың Сиань қаласында жеке ем алу тәжірибесінен кейін пайда болған. Ол кезде өзінің немересі ми ауруларын емдеуге маманданған ірі клиникалардың бірінде ем қабылдап, екі ай ішінде айтарлықтай оң нәтижеге қол жеткізген. Бұл жағдай қытайлық мамандармен алдағы ынтымақтастыққа негіз болған.

– Сол уақытта Қазақстан мен Орталық Азия елдері үшін осындай орталық ашу идеясы туындады. 2019 жылы жоба Сиань қаласының құрметіне «Сиань» атауымен іске қосылды. Қаланың халқы 10 миллионнан асады. Біз дәрігерлерді оқуға жіберіп, бірлескен жұмысты жолға қойдық. Пандемия кезінде клиниканың қызметі уақытша тоқтады. Алайда 2023 жылдың 5 мамырында медицина орталығы Астанада қайта жұмысын бастады. Клиниканың жалпы аумағы 350 шаршы метрді құрайды. Ғимаратта күрделі жөндеу жүргізіліп, қомақты инвестиция салынды. 2023 жылдан бері мекеме тұрақты түрде жұмыс істеп келеді. Мұнда науқастар ем қабылдайды, мамандар оқытылады және медицина бағыттары дамып жатыр. Бірінші қабатта ересектерге, екінші қабатта балаларға қызмет көрсетіледі. Клиникаға тек Астана қаласынан ғана емес, еліміздің өзге өңірлерінен де пациенттер келеді, – дейді клиника басшысы.

Қазіргі уақытта клиника Алматы және Шымкент қалаларында филиалдар ашу мүмкіндігін қарастыруда. Егер 2023 жылы жұмысын 8 дәрігерден құралған бір команда бастаса, бүгінде клиникада 2 команда кезең-кезеңімен, бекітілген кестеге сай қабылдау жүргізіп отыр.

ЖАСӨСПІРІМДЕР МӘСЕЛЕСІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

Елордадағы №101 орта мектепте «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында жасөспірімдерге қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу мәселелері талқыланды. Іс-шараға Полиция департаменті, Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы, балалар омбудсмендері, Психологиялық қолдау орталығының өкілдері қатысып, сарапшыларға арналған дөңгелек үстел және оқушыларға арналған дәрістер өтті.

– Негізгі мақсатымыз – кәмелетке толмағандардың ерекшелігіне қарай арнайы тәрбие беру, құқықтық сауатын арттыра отырып, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың, кәмелетке толмағандарға қарсы жыныстық құқық бұзушылықтардың алдын алу. Сондықтан іс-шара барысында балалардың қауіпсіздігі, мектеп пен отбасының бірлескен жауапкершілігі және профилактикалық жұмысты күшейту жолдары кеңірек талқыланды. Дөңгелек үстелмен қатар, жасөспірім қыз балаларға арналған репродуктивті денсаулық мәселелері бойынша дәріс өз алдына бөлек өтті. Кездесу қорытындысы бойынша қауіпсіз әрі қолайлы білім беру ортасын қалыптастыруға бағытталған нақты ұсыныстар әзірленеді, – деді қалалық Білім басқармасы кәмелетке толмағандардың құқығын қорғау бөлімінің бас маманы Гүлсім Хасенова.

Дөңгелек үстелде сөз сөйлеген «Құқық» қоғамдық қоры басшысының орынбасары Гүлмаржан Шонаева жасөспірімдердің жыныстық қол сұғылмаушылығын қорғау үшін қандай қарапайым тәсілдерді назардан қалт жібермеу қажеттігін жете түсіндірді.

– Біздің ұйым бұл бағытта шамамен 10 жылға жуық уақыттан бері жұмыс істеп келеді. Негізгі мақсатымыз – балалардың жыныстық қол сұғылмаушылығын қорғау. Біз балаларға зорлық-зомбылықтың құрбаны болмау үшін нені білу қажет екенін түсіндірдік. Ең бастысы, нақты мысалдар келтіріп, балалардың қатысуымен болған шынайы «кейстер» туралы қысқаша айтып өттік. Балаларға, ең алдымен, әлеуметтік желілерде сақ болу керектігін ескерттік, – деді бас маман.



АБАЙ-ШӘКӘРІМ ӘНДЕРІ ӘУЕЛЕДІ

Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті жанындағы колледжде Абай Құнанбайұлының 180 жылдығы аясында Абай Құнанбайұлы мен Шәкәрім Құдайбердіұлының ән мұрасын насихаттауға арналған колледж студенттері арасындағы ішкі дәстүрлі әншілер байқауы басталды.

Шапағат ӘБДІР



Байқауға колледждің 1-4-курс студенттері қатысты. Шарт бойынша әрбір әнші екі ән орындайды. Қазылар алқасы өнерпаздарды вокалдық ерекшелігіне, дәстүрлі аспапты меңгеру деңгейіне, сахна мәдениетіне және киім үлгісіне қарай бағалайды.

«Колледж студенттері өз бағын сынап, өнерін ортаға салады. Бұл байқауды өткізудегі басты мақсатымыз – ұлы ойшылдарымыз Абай Құнанбайұлы мен Шәкәрім Құдайбердіұлының ән мұрасын кең көлемде насихаттау. Сонымен қатар мұндай өнер сайыстары студенттердің шығармашылық әлеуетін шыңдап, кәсіби тұрғыда өсуіне үлкен мүмкіндік береді. Байқауға қатысу арқылы жастар өздерінің вокалдық шеберлігін жетілдіріп, сахна мәдениетін қалыптастырады. Қазақ өнерінің ертеңгі иесі – осы жастар» деді Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, сазгер, әнші Медет Салықов.

ЖАС ЖҰМЫСШЫЛАР БАЙҚАУЫ

Maqsut Narikbaev University жұмысшы мамандықтарды дамытуға бағытталған «Үздік» жобасының қорытындысын шығарды. Жобаны «Астана жастары» жастар ресурстық орталығы ұйымдастырды. Оның басты мақсаты – жастардың кәсіби дағдысын дамыту және жұмысшы мамандықтарының беделін арттыру. Жоба жеңімпаздарын Астана қаласы мәслихатының депутаттары Динара Оразалина мен Мәдина Әжікенова құттықтап, арнайы сыйлықтармен марапаттады.

– 6 ай бойы 15 бағыт бойынша байқаулар өтті. Жас қатысушылар әртүрлі кәсіби салада өз шеберлігі мен қабілетін көрсетті. Олардың қатарында жүргізушілер, шиномонтажшылар, аспаздар, флористер бар. Байқауда үздік нәтиже көрсетіп, алғашқы үш орынға ие болған жастар дипломмен және ақшалай сыйлықпен марапатталды, – деді «Астана жастары» жастар ресурстық орталығы баспасөз қызметінің жетекшісі Анар Мұрзабаева.

Байқауға қатысушы Иван Подручный өз әсерімен бөлісті.

– Мен хаус-мастер мамандығында оқимын, алайда бұл жолы байқауға ағаш ұстасы ретінде қатысып, үздік атандым. Сонымен қатар сантехник мамандығын да меңгеріп жүрмін. Алдағы уақытта өзімді басқа да жұмысшы мамандықтарда сынап көргім келеді. Қолымнан бір нәрсе жасап шығару өте қызық, – деді ол.



ЗАҢСЫЗ ҚОҚЫС ОРЫНДАРЫ ЖОЙЫЛДЫ

Бас қалада рұқсатсыз орындарға қоқыс тастау мәселесіне қарсы жүйелі жұмыс жалғасып жатыр. Жыл басынан бері елорда аумағында 338 заңсыз қоқыс орны анықталып, толықтай жойылды. Аталған аумақтардан полигондарға 400 мың тоннадан астам қалдық шығарылды.

Астанадағы барлық 6 ауданда күн сайын мониторинг жүргізіліп жатыр, заңсыз қоқыс үйінділерін анықтау жұмысы тұрақты бақылауда. Атап айтқанда, Алматы ауданында 30 учаске тазартылып, шамамен 25 мың тонна қоқыс шығарылды. Байқоңыр ауданында 47 орын жойылып, 40 мың тонна қалдық полигондарға жеткізілді. Есіл ауданында 89 заңсыз қоқыс орны жойылып, 150 мың тоннадан астам қоқыс шығарылды. Сарыарқа ауданында 19 орын тазартылып, шамамен 32 мың тонна қоқыс шығарылды, жұмыс жалғасып жатыр. Нұра ауданында 104 орыннан 104 мың тонна қоқыс шығарылды. Ал Сарайшық ауданында 49 заңсыз қоқыс орны жойылып, 50 мың тонна қалдық полигондарға жеткізілді.

iKomek жүйесі арқылы құрылыс алаңдарынан қоқысты заңсыз тасымалдау және белгіленбеген жерлерге төгу деректері анықталып, құқық қорғау органдарымен бірлескен рейд жүргізілуде. Осы жылдың 11 айында қоқысты рұқсатсыз төккені үшін жүк көлігінің 43 жүргізушісі әкімшілік жауапкершілікке тартылып, жалпы сомасы 11 миллион теңгеден астам айыппұл салынды. Ал абаттандыру талаптарын бұзғаны үшін 31952 құқық бұзушыға 53 миллион 590 мың теңгеден астам айыппұл салынды. Қоғамдық орындарды ластағаны үшін ӘҚБтК-нің 434-2-бабы бойынша 13276 адам жауапқа тартылып, 446 миллион теңге көлемінде айыппұл өндірілді.

Заңсыз қоқыс орындарын жою жұмысы жалғасып, жаңа ошақтардың пайда болуына жол бермеу шаралары қабылданып жатыр. Сонымен қатар елордада «Таза Қазақстан. Астана – тазалық пен тәртіптің үлгісі» акциясы аясында санитарлық тазалау жұмысы жүргізілуде. Акция аясында көшелер, тротуарлар, аула аумақтары, қоғамдық кеңістіктер, сондай-ақ нөсер және арық жүйелері тазартылуда.

№149 (4893) 18/12/2025 Бейсенбі



LRT: ҚАУІПСІЗДІК ҚАТАҢ ТЕКСЕРУДЕН ӨТУДЕ

Келе жатқан жылда елорда өмірінде әйгілі LRT нысанының ашылуы елеулі жаңалық болғалы тұр. Түрлі құрылыс кезеңінен өткен жеңіл рельсті көлік жүйесінің сынақтық пайдалану жұмысы биылғы 29 қыркүйектен бастап жүргізілуде. Тестілік іске қосу – пайдалануға берудің маңызды кезеңі. Сынақ барысында мамандар рельстерді, стансаларды, байланыс желілерін, жылжымалы құрамды, қауіпсіздік пен қозғалысты басқару жүйелерін тексереді. Ерекше назар қызметкерлерді дайындауға, төтенше жағдайдағы іс-қимылдарға және LRT-ны басқа көлік түрлерімен интеграциялауға аударылады.

Райхан РАХМЕТОВА

«City Transportation Systems» ЖШС баспасөз қызметінің мәліметінше, жабдық пен инфрақұрылымды кешенді сынау кемінде 6 айға созылады. Бірінші кезеңде тестілеу №112-№113 стансалары арасында басталды. Пойыздар бастапқыда 10 км/сағ жылдамдықпен қозғалып, кейін жылдамдық пен сынақ аймақтары кезең-кезеңімен артады. Бұл ең жоғары қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, рельстерді мұқият тексеруге және біртіндеп жобалық параметрлеріне өту үшін қажет. Екінші кезең жылжымалы құрамды басқарудың негізгі жүйелерін сынақтан өткізу, радиобайланысты тексеруді қоса алғанда, қозғалыс қауіпсіздігін сынау жұмысынан тұрады. Сонымен қатар пойыздардың платформалық есіктермен өзара әрекеттесуін пысықтау, стансаларға автоматты түрде келу және жүруді тексеру, сигнализациямен біріккен сымсыз жүйелерді сынау, электрмен жабдықтау жүйесіне түсетін жүктемені бағалау, штаттық және штаттан тыс жағдайларды модельдеу, түрлі пайдалану сценарийлерін имитациялау жұмысы осы кезеңде жүзеге асады.

EPC келісімі бойынша CRAEC (China Railway Asia-Europe Construction) компаниясы LRT құрылысымен қатар вагондарды құрастырып береді, мамандарды да оқытады. Оған қоса, заманауи депо салып жатыр. Бұған қосымша ақша бөлінбейді. Барлығы алғашында келісілген 1,8 млрд доллар ішінде қарастырылған.

Қытайдың Таншань қаласында LRT жылжымалы құрамдары құрастырылып жатыр. 19 дана жылжымалы құрамға тапсырыс «CRRC Tangshan Co., Ltd» зауытында орналастырылды. «CRRC Tangshan Co.» – 100 жылдық тәжірибесі бар алып компания. Ұзындығы 60 метрлік жылжымалы құрамдар GoA4 деңгейіндегі автоматтандырылған бағдарламалық-аппараттық кешенмен жабдықталады, соның арқасында вагондардың есігі автоматты түрде ашылып-жабылады, құрамдардың жағдайы бақылауда болып, пойыздар арасындағы қашықтық реттеледі, операторсыз-ақ басқа функциялар орындалады.

Төрт секциялы құрамдарға 600-ден астам жолаушы сыяды. Жолаушылардың жайлылығы мен қауіпсіздігі қамтамасыз етілген. Салондарда беріктігі жоғары материалдар, соның ішінде органосиликатты былғары және шыны-талшықты композит қолданылады, бұл жолаушыларға жайлылықты арттырады. Шуды азайту үшін қалыңдатылған терезелер және шуды бәсеңдету элементтері, диаметрі үлкейтілген дөңгелектер орнатылған. Құрамдар заманауи ақпараттандыру жүйелерімен жабдықталады, сыртқы және ішкі электронды таблолар, LCD-мониторлар бар, олар қозғалыс бағытын, соңғы және келесі стансаларды, есіктердің ашылу жағын және шұғыл ақпаратты көрсетеді.

Мамандардың айтуынша, вагондар Астана қаласының ауа райына бейімделген. Климат ерекшелігін ескере келе, алдыңғы терезесі температураны реттейтін электрлі жылыту жүйесімен жабдықталған. Бұл кенеттен болатын температура өзгерісінде әйнектің булануының алдын алады. Кондиционер қондырғысының салқындату қуаты – 35 кВт. Ең жоғары жылдамдық – 80 км/сағ, толық автоматтандыру және операторлардың тұрақты бақылауымен жүргізілетін пилотсыз басқару жүйесі.

GoA4 – рельсті көлікті автоматтандырудың ең жоғары деңгейі, жаңа желілерді салу немесе қолданыстағы желілерді жаңғырту кезінде көптеген қала ұмтылатын стандарт. Метро мен LRT жүйесі үшін бұл тиімділікті, қауіпсіздікті және басқа көлік түрлерімен салыстырғанда бәсекеге қабілеттілікті арттыруды білдіреді. Бүгінде GoA4 Сингапурде, Дубайда және Қытайда енгізілген, дәл осындай заманауи деңгей Астанада да іске асады.

LRT пойыздарының операторлары, яғни машинисі болатын 29 маман Қытайдың Тяньцзинь қаласында оқудан өтіп, қорытынды емтихандарды сәтті тапсырды және білігін растайтын сертификатқа ие болды. Оқыту үшсатылы жүйе бойынша ұйымдастырылды. Алдымен Астанада базалық курстан өтті, кейін Қытайда тереңдетілген теориялық дайындық, тренажерлерде жұмыс және практикалық тағылымдама жүргізілді.


– Қытайда электрпойызды басқару, штаттан тыс жағдайларда әрекет ету сияқты маңызды дағдыларды меңгердік. 7 айлық оқудан өтіп, міне, енді үшінші кезеңін бастадық. Бұл кезеңде тест жұмысына белсенді араласамыз. LRT-ны тежеу, тарту жүйелері, автоматты жүргізу жұмысына қатысудамыз. Осы білім мен тәжірибе кейін жолаушылардың қауіпсіздігі үшін аса қажет болады. Қазақстандағы су жаңа көлік түрін алғашқылардың бірі болып тізгіндеу – үлкен жауапкершілік әрі мәртебе. LRT – заманауи қадам, сондықтан біз өз үлесімізді қосып жатқанымызға қуаныштымыз, – деді «City Transportation Systems» ЖШС LRT пойыздарының операторы Айдар Надырбеков.

«City Transportation Systems» ЖШС жеңіл рельсті көлік жүйесінде жұмыс істеу үшін бірнеше лауазымға қызметкерлерді қабылдау жұмысын жүргізді. Атап айтқанда, стансалардың ауысым басшылары, станса кезекшілері, жылжымалы құрам орталығының қозғалыс диспетчерлері, жылжымалы құрам орталығының орталықтандыру бекетінің диспетчерлері, LRT жабдықтары мен инфрақұрылымын басқару орталығының диспетчерлері, жабдықтар мен инфрақұрылымды басқару орталығының сигнализация техниктері, жабдықтар мен инфрақұрылымды басқару орталығының байланыс техниктері, жабдықтар мен инфрақұрылымды басқару орталығының электр монтерлері, жабдықтар мен инфрақұрылымды басқару орталығының жол жөндеу учаскесінің шеберлері, жылжымалы құрам орталығының жабдықтарды жөндеу слесарьлары және қойма меңгерушілері.

Жеңіл рельсті көлік жүйесінде жұмыс істейтін болашақ қызметкерлерді оқыту жұмыс беруші есебінен жүргізіледі. Теориялық және практикалық дайындық Қазақстанда және ҚХР-да өтеді. Курстың ұзақтығы – мамандыққа байланысты 4 айдан 6 айға дейін. Оқыту аяқталғаннан кейін халықаралық үлгідегі сертификат беріледі. Оқыту бағдарламасын сәтті аяқтаған барлық қатысушы LRT бөлімшелеріне жұмысқа орналасады. Жұмысқа қабылдау ҚР Еңбек кодексіне сәйкес жүзеге асады. Бағдарламаның мақсаты – пойыздардың жүргізушісіз қозғалысын, сенімді байланысты және барлық қызметтің үйлесімді жұмысын қамтамасыз ететін жоғары технологиялық LRT басқару жүйесінде жұмыс істей алатын білікті қазақстандық мамандарды даярлау.

LRT-мен жүру құны, яғни тариф пен төлеу әдісі нысан пайдалануға берілгеннен кейін белгілі болады. Бұл ретте тарифтердің қолжетімді деңгейін қамтамасыз ету мақсатында әлеуметтік маңызы бар жолаушылар тасымалы «ҚР көлік туралы» ҚР 1994 жылғы 21 қыркүйегіндегі №156 заңына сәйкес бекітіледі.

Стансалардың ішінде жолаушылардың жүріп-тұруына жағдай жасалады. Эскалатор, лифт, кондиционер, дәретхана болады. Қауіпсіздік мақсатында эстакадаға және жол желісіне кіруге қатаң тыйым салынады, себебі байланыс желісі 750V жоғары кернеумен жабдықталған және ол адам өміріне қауіпті. Сынақтар аяқталған соң 2026 жылы LRT жүйесі пайдалануға беріліп, елордаға жаңа буынның толық автоматтандырылған және жүргізушісіз басқарылатын көлігі ұсынылады.





16 МЫҢ АДАМ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛДЫ

Елордада тұрғындарды жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және жұмыссыздықты азайту бағытында жүйелі жұмыс жүргізіліп келеді. Жыл басынан бері бұл шаралармен 16,4 мың адам қамтылды.

Биыл жыл басынан бері қалада 8,1 мың адам тұрақты және уақытша жұмыс орындарына орналасты. Олардың ішінде 5228 азамат субсидияланатын жұмыс орындарына жолданды. Атап айтқанда, 953 жас «Жастар практикасы» бағдарламасы аясында мемлекет қолдауына ие болды, 260 адам әлеуметтік жұмыс орындарына орналасты, 3232 тұрғын қоғамдық жұмысқа тартылды. Сонымен қатар «Күміс жас» жобасы аясында зейнет жасына жақындаған 783 азамат жұмысқа орналасты. Кәсіпкерлік бастамаларды қолдау мақсатында әлеуметтік осал санаттағы 126 адамға жаңа бизнес-идеяларын іске асыру үшін қайтарымсыз мемлекеттік грант берілді. Еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтар бойынша қысқамерзімді кәсіби оқытудан 88 жұмыссыз азамат өтті. Ал «Бастау бизнес» жобасы аясында кәсіпкерлік негіздерін меңгергендердің саны 3,2 мың адамды құрады. Сонымен қатар 3,2 мың тұрғын әлеуметтік-кәсіби бағдарлау қызметімен қамтылды. Бұдан бөлек, Астанада тұрақты түрде бос жұмыс орындары жәрмеңкесі ұйымдастырылып келеді. Мұндай алаңдарда жұмыс іздеушілер бірнеше жұмыс берушімен бір мезетте тікелей тілдесіп, алдын ала әңгімелесуден өтіп, жұмыс табуға мүмкіндік алады.



Жыл он екі айда кітаптың бетін ашпайтындар көбейген сайын, қоғам надандықтың батпағына батып барады. «Оқыр едік, бірақ...» деп қызыл кеңірдек болып, газетімізді бетімізге лақтыратындарға да етіміз үйренді. Әрине, сыныққа сылтау іздесеңіз, ұшы-қиыры жоқ. Оқусыз қалғандар өздерін ақтап алумен әлек, кінәлі өздері емес, өзгелер. Айта берсе, қазіргі заманға икемделмеген кітапханашылар жоғары сапалы жұмыс істемейді. Белсенді оқырман базасы жоқ, оған да қоғам кінәлі. Кітап шығару үрдісі өз деңгейінде дамымаған болса, мұғалімдерден бастап ешкім кітап оқымауы керек. Той-томалаққа кеткен ысыраптан халықтың сатып алу қабілетінің шектеулілігі де газет-журнал жаздырып, кітап оқуға кедергі екен.



БАЛАНЫ ЖАСТАН БАУЛЫҒАН ЖӨН

Айгүл УАЙС

Кітапты қолға алып, көз жүгіртуге көп нәрсе керек жоқ. Басынан бастап оқи бер. Ең классикалық үлгісі де, бары да сол. Алайда бала жасынан кітаптың қадірін түсінбесе ата-анасынан бастап, мұғалімдері қолына көркем әдебиет ұстамаса, кітап оқыған баланы қолпаштап айдарынан сипамаса не дейміз? Балаға алаңдайтын себебіміз бар. Кітап оқығанды халқымыз көкірегі ояу, көзі ашық деп сипаттаған.

Кітап оқыған сайын адамның өресі биіктей түседі. Айналасындағы болып жатқан оқиғаларды тұтастай түсінеді, ақ-қарасын анықтап, адамгершілік тұрғысынан бағамдап, дұрыс шешімдерді тез табады. Бұл дегеніміз – өмір сүруге икемдейді деген сөз.

Зейіні ашылып, есте сақтау қабілеті дамып, кез келген нәрсеге шығармашылық көзбен қарай алады. Тілдік қоры артады, сөйлеуді жақсы меңгеріп, шешендігімен елдің алдында беделі артады. Ой-тұжырымына әсері осы жерде. Кітап кеміріп өскендер ойын дәлірек тұжырымдайды, дәл қисынмен жеткізіп, көркем жазады. Кісінің сауаттылығы осыдан көрінеді. Олармен сөйлессең ақылдың бұлағындай ағып тұрады, тіл байлығының арқасында кез келген адаммен тез тіл табысып үйіріп әкетеді. Еркін ойлайтындар, қалыптан тыс нәрсені аңғаратындар – осылардың қатарында. Сыншыл және өз пікірлері мен мінез-құлқында оқшаулық бар, көптің ырқында жүрмейді, тәуелсіз.

Бұл арқылы адамның ойлау дәрежесінің оқу-білім іздену арқылы артып, кемелдікке жеткізетін жолын айтып отырмыз. Адамның білім дәрежесі төмен болса, ішкі дүниесі қарабайыр, мәдениеті де қарадүрсін, көкірек-көзі соқыр келеді. Оларды «өзің білме, білгенді тыңдама» деген қарғыспен шеттеткен. Яғни өресі қаншалықты тар болса, өзгенің білгенін қабылдай алмайды, көзі жетпеген соң жөн көрмейді, өзінің қараулығында қалып қояды. Бұл – қорқынышты нәрсе.

Осылайша, жеке тұлғаның біліктігі мен биіктігі көбінесе оқу мәдениетімен қалыптасады, білімі барлар әлеуметке тез сіңіп, идеологиялық, мәдени, психологиялық, философиялық тұрғысынан біркелкі деңгейде болғандықтан, қоғам біркелкі дамиды. Өзгерістерді бірдей қабылдайды. Оқу мәдениеті жеке тұлғаның үйлесімді және тұтас дамуының, оның әлеуметтік жетілуінің көрсеткіші және адамның әлеуметтік-коммуникативтік даму факторы ретінде әрекет етеді. Осылайша, оқу ең дамыған, әлеуметтік құнды және ізденіске ие жеке тұлғаның қасиеттерін қалыптастырады. Өзін-өзі дамытуға және дүниенің бір кірпіші болып қаланып, асыл мұратын жүзеге асыруға қабілеттілер адамның барлық жағынан толыққанды дамуына ықпал етеді.

Ендігі күні ғаламтор шарықтап, ақпарат нөпірі де надандыққа жеткізіп отыр. Жылт еткен жақсылыққа ешкім құмар емес, қып-қызыл дауға, ессіздіктің мысалын құныға іздеп рахаттанатын бұқараны қалай ізгілікке қайтарамыз?

Расымен де, әлемде де кітапқа қызығушылық кері кетіп бара ма? Мемлекет дамуында да шешуші сөзі бар кітап оқу үрдісін жалғастыру қалай дамып барады?

Жалпы шолу жасағанда көп мемлекеттердің ұстанымы бір жерден шығып тұр. «Баланы – жастан» деген қағидаға сай келетін кітап оқуға баулу жұмысының көші ұзап кетіпті. Көптеген елдерде ерте жастан оқуға құмарлықты егуде, оны ынталандыру – басты орында. Балалар мен жасөспірімдердің кітап оқуға ынтасы алдағы өміріндегі жетістіктері мен ізденістерінің сапасына әсер ететінін сезінген ел ертерек қамданып жатыр.

Бір қызығы, кейбіреуге жай мағынасыз көрінетін осы мәселені ірі мемлекеттер билікті өз қолына алып, қолдап отыр. Англияда оқуды қолдауға бағытталған кешенді бағдарламалар көптеп саналады. Жас мөлшеріне қарай жаздыгүнгі кітап оқу, отбасымен бірге кітап оқумен сауаттылық, денсаулық пен бақуаттылық, мәдениет пен шығармашылық, экономикалық өсуді байланыстырады.

Ұлттық бағдарламаларының бірін «Кітаптан бастау ал» деп аудардым, «Bookstart». Бағдарламаның мәнін сайттарында былайша түсіндірген екен. «Англия, Уэльс және Солтүстік Ирландия бойынша ұсынылатын Bookstart бағдарламасы әртүрлі кезеңдегі жас балаларды отбасылық оқуға ынталандыратын және қолдайтын кітаптарды, ресурстарды және іс-шараларды қамтиды. Өмірдің алғашқы кезеңінде бірге оқу кітаптарға, әңгімелерге және өлеңдерге деген сүйіспеншілікті оятуға көмектеседі, бұл оқудың өмірді өзгертетін пайдасына қол жеткізуге мүмкіндік береді, бұл барлық балалар үшін, әсіресе аз қамтылған отбасылардан шыққан немесе осал топтардан шыққан балалар үшін маңызды» делінген.

> Кітап оқыған сайын адамның өресі биіктей түседі. Айналасындағы болып жатқан оқиғаларды тұтастай түсінеді, ақ-қарасын анықтап, адамгершілік тұрғысынан бағамдап, дұрыс шешімдерді тез табады. Бұл дегеніміз – өмір сүруге икемдейді деген сөз

Жоба баланы үш жастан бастап кітап оқуға бейімдейді. Бұл ата-аналарын балаларымен бірге кітап оқуға, кітапханаға баруды әдетке айналдыруға итермелейді. Оқырмандармен кері байланысты қарастырған түрлі клубтар жұмыс істейді. Енді бір қызығы, 1994 жылы Нейл Гриффитсон негізін қалған жоба бойынша баланы кітап оқуға дағдыландыру әдісін үйретіп, қалай оқу керегін де үйретеді. Мұндай қиын әдісті үйрету үшін түрлі әдістемелік көрнекі заттар мен ойыншықтар іске қосылған. Ойыншықтар, әрине, басты кейіпкерлер. Солар арқылы кітаптың мазмұнын үйретіп, қызығушылығын оятады.

«Аптаның жарты сағаты» жобасы, аптасына бір рет барлық кітапханаларда кішкентай оқымыстыларға арналған яғни, бір жастан бес жас аралығындағыларға арнайы клуб жұмыс істейді. Егер жиырма рет клубқа келіп оқуға деген ынтасын көрсетсе, марапатталады. Үш жылда салтанатты түрде кітап салынған және оқуға ұсынылған кітаптардың тізімі мен портфель сыйға тартады. «Жазушы мектепте» жобасы да таң қаларлық. Жазушы мектепке барып, оқушылармен жұмыс істеп, шығармашылық көздерін ашуға себепкер болуы тиіс. Жұмыс формасы әртүрлі: шығарма жазып, өздерінің өлеңдері мен қысқа әңгімелерінің тұсаукесерін жасап, одан қалды театрландырылған көрініс қойып, өзгелерді таң қалдырады. Біз кәрі құрылықтағы ең қызықты деген бағдарламаларды қарастырдық.

Ал қысқаша айтатын болсақ, Германияда бірнеше кәсіби және қоғамдық ұйымдар арқылы одан бөлек, ел президентінің басшылығымен Неміс кітап оқу қоры жұмыс істейді. «Көк чемодан» жобасы кітапханашыларды қолдауға арналған. Жас оқырмандары көп болса, әлемдегі атақты жазушылардың кітаптары бар сандықты сыйға алады. Жапонияда да жас ұрпақтың кітап оқуына мықтап назар аударған. Бүгінде арнайы заң қабылдап, балалардың оқу белсенділігін қолдайтын ауқымды ұлттық саясат жүргізіп отырған жалғыз ел.

Францияның үкіметі мен мәдениет министрлігі үшін басымдық беріп отырған мәселесі де осы ахуал. Кітап оқу үшін барлық мүмкіндік қарастырылған. Тіпті емханада кезекте отырып кітап оқу да жақсы әдеп саналады. Жақсы кітаптардан үзінділер басылған плакаттар Париж метроларының вагондары безендірілген. Мұнда «Кітап оқу мерекесі» 1989 жылдан бері өткізіліп келеді. АҚШ-та Кітап орталығы жұмыс істейді. 1977 жылдан бері кітап пен кітапхана ісі, кітап оқу мәселесін зерттеушілерді қолдауы басқа да елдердің ағартушылық саясатына үлгі болады.

Қарап отырсақ, «оқымысты адам» ұлттың қаймағына айналып келеді. Бар күшті өскелең ұрпақтың жан-жақты дамуына салып, түрлі жобалар арқылы қолпаштауға басымдық берілген. Ұлт қаймағынан айырылып қалмау үшін біздің елге де қарману керек сияқты.

ЭКСПОРТҚА ТЫЙЫМ САЛУ – НЕГІЗСІЗ

Қазақстан Республикасының ет экспортына енгізілген тыйымға байланысты менің атыма фермерлерден, қайта өңдеушілерден және салалық бірлестіктерден көптеген өтініштер келіп түсуде. Атап айтқанда, оңтүстік өңірде экспортқа рұқсат тек бір ғана компанияға беріліп, олар тәулігіне бар болғаны 150-200 бас бұқаны шығарып жатыр. Экспортқа шектеу қойылғанға дейін Өзбекстан еліне облысымыздан күніне 1000 бас қара малдың еті жіберіліп отырған.

Үкіметтің Түркістан облысынан ет экспорттауға рұқсат беру шешімі бұл компанияға негізсіз артықшылық бергендей әсер қалдырады. Мұндай жағдай лоббизм мен олигополия белгілерін еске салады. Бұл қаншалықты заңды? Неліктен дәл осы компанияға экспортқа рұқсат берілді және таңдау қандай критерийлер бойынша жасалды? Тыйымның салдарынан басқа фермерлердің табысы төмендеп, сатып алу бағасы күрт құлдырап, инвестициялық тартымдылық төмендеп, нарық механизмдері бұзылып, хаос пен белгісіздікті тудырып отыр.

Мемлекет басшысы еліміздің экономикасын экспортоориентті бағытта дамыту стратегиялық мақсатымыздың бірі екенін бірнеше рет атап өткен болатын. Алайда Ауыл шаруашылығы министрлігінде 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі мерзімде 13 000 тонна көлемінде ірі қара малдың (ІҚМ) экспортына сандық шектеулер (квоталар) енгізуді көздейтін «Қазақстан Республикасының аумағынан сиыр етін әкетуге тыйым салуды белгілеудің орындылығы туралы» бұйрықтың жобасы әзірленді. Экспортқа тыйым салу – экономикалық тұрғыдан негізсіз деп санаймын, өйткені бұл шешім болашақта еліміздің сыртқы нарықтарға қол жеткізуін шектейді және алдағы уақытта ірі қара мал бағасының үш есеге өсіп кетуіне ықпалын тигізеді. Бұл жағдайда Үкімет халық үшін еттің бөлшек бағасын төмендетеміз деп жариялаған мақсатына жете алмады. Өйткені нарықтың заңдылықтарын күшпен өзгерту мүмкін емес. Егер ет өндіру тиімсіз болса, онда баға, керісінше, барлық тұтынушы үшін қымбаттай түседі.

Ет өнімдерін экспорттау – ауыл аймақтарының экономикасын қалыптастырады, халықтың тұрмысын, мәдениетін жақсартады, экспорттық әлеуетті қамтамасыз етеді. Халықаралық мойындалған мысал ретінде айтатын болсақ, Аргентина бірнеше рет сиыр етін экспорттауға тыйым салған. Нәтижесінде, мал саны миллиондаған басқа қысқарып, мыңдаған фермерлік шаруашылықтар банкротқа ұшыраған, экспорт екі есеге дейін төмендеген, нарықтарды бәсекелестер жаулап алып, саланы қалпына келтіру он жылдан астам уақытқа созылған. АҚШ, Канада, Австралия, Бразилия сияқты дамыған ел нарықтарында ет – құнының тек 45-50% құрайды, қалған 50-55% қосымша өнімдер, сүйек, коллаген, желатин, тері, қырыққабат және т.б. шет елге экспортталуына мүмкіндік береді.

Ет өндіру – еліміздің дәстүрлі саласы. Ет өнімдері экспортын дамыту үшін қайта өңделген өнім үлесін арттыру қажет, яғни сыртқы экономикалық шектеулер қоймай, керісінше, қосымша өнімдерді қайта өңдеуді дамыту және жаңа нарықтарды ашу бағытында жұмыс жасау қажет. Шектеуді алып тастау арқылы еліміз мал басын сақтап қалуға, фермерлердің банкротқа ұшырауын болдырмауға, дәстүрлі саланы сақтауға және экспорттық әлеуетті ұзақ мерзімді дамытуға мүмкіндікті жіберіп алмауы тиіс.

Жоғарыда айтылғандарға сәйкес, Қазақстан Республикасынан ет өнімдерін экспорттауға қойылған тыйымды толық және шартсыз жоюды сұраймын. Бұдан әрі сыртқы сауда мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның отырыстарына және Халықаралық экономикалық ұйымдарға қатысу үшін әр облыстан бір фермерді енгізуді ұсынамын. Бұл ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің нақты сұраныстарын ескере отырып, анағұрлым үйлесімді шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

Темір ҚЫРЫҚБАЕВ,
Мәжіліс депутаты



№149 (4893) 18/12/2025 Бейсенбі

КИНООПЕРАТОР – КӨРКЕМ МАМАНДЫҚ

Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті режиссура, арт-менеджмент және операторлық өнер факультетінің оқытушысы Мейрамбек ӘБДІКӘРІМОВ дипломын алып еліне келгенде, кәсіптің қыр-сырын түсінбейтін жақын-жуығы «енді тойды түсіресің бе?» деп сұрапты. Бұл, әрине, тар мағынасындағы түсінік, кәнігі оператор – киноны сөйлететін режиссерден кейінгі екінші адам. Мейрамбекпен болған әңгімеде қазақ киносының бүгінгі жағдайына қанықтық.



– Жалпы өнерге белгілі театр режиссері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Хүсейін Жүсіпұлы жетектеп келді десем болады. Мектеп бітірген жылы анам аяқастынан қайтыс болып, орта мектепті үздік бітірсем де, жоғары білім алуды ойыма ала да алмадым. Сонымен бір жылдай уақыт өткенде Хүсейін аға Н.Бекежанов атындағы Қызылорда облыстық драма театрында жұмыс істе деп қасына алды. Театрда үш жылдай жұмыс істедім. Гастрольдік сапарларға шығып, ой-өрісім кеңейе бастады. Алматыдағы Т.Жүргенов атындағы Өнер академиясына бағымды сынап, «операторлық өнер» деген мамандық бойынша оқуға түсіп, 2011 жылы бітіріп шықтым. Астанаға келуіме мұрындық болған – марқұм ұстазым, кинооператор Болат Сүлеев. 1998 жылы музыка академиясы болып ашылған өнер ордасының артынша университет болып қайта құрылып, қосымша түрлі салалық мамандықты игеруге мүмкіндік ашылған кезде, Болат Қалиұлы Сүлеев осы университетке сабақ беруге ұсыныс алады. Сол жылдың түлектері өзінің шеберлік сынынбында оқып жүрген бізді тартты. Содан Алматыдан келген төртеуміз магистратураға түстік, оны тәмамдап, аталмыш университетте қалып қойдым. Өнерде шеберхана деген түсінік бар. Қайда барсаңыз да кімді бітірдің деп сұрайды. Сол ұстазыңыздың аты мен білігі сіздің өнердегі жолыңызды анықтап, шеберлік деңгейіңізді көрсетеді. Ұстазым Болат Сүлеев – қазақ өнеріне еңбегі сіңген классик. Өзі түсірген «Қоштасқым келмейді», «Жамбылдың жастық шағы», «Кек», «Үш күн мереке», т. б. көркем және деректі фильмдері арқылы жақсы таныс. 2006 жылы «Көшпенділер» фильмінің операторы болған. Оның Голливуд түсірген фильмге қатысуы – шеберлігінің дәлелі. Сол кезде американдық кино түсіруші топ Қазақстанға келіп, қазақ операторын іздейді. Фильмнің бас операторы қазақ киносымен танысқысы келетінін айтады. Ұсынылған фильмдердің арасынан екі адамның еңбегін таңдап, өзімен таныстыруын өтінеді. Бұлар ағайынды Болат және Әубәкір Сүлеев болып шығады. Бұл отбасынан талантты режиссер да шықты. Ол – Ася Сүлеева.

– Қазақ киносындағы мықты операторлар туралы аз біледі екенбіз.

– Кинооператор кәсібі – көпшілік біле бермейтін, көптің көзіне түсе бермейтін кәсіп. Жақсы туындының әртістері ғана танылып, әрі кетсе режиссері еленіп, ал операторы туралы сирек айтылады. Негізі, бұл мамандық иелері – фильмнің тірегі, авторларының бірі. Олар режиссер ойын дәл түсініп, киноның көркем түсуіне жауап береді. Классиктеріміз Ш.Айманов, С.Қожықов, М.Бегалин сынды мықты режиссерлермен қатар жүрген атақты операторлар бар. Кинода «шығармашылық тандем» деген болады: режиссер мен оператордың бірін-бірі түсініп, ойға алған нәрсені жарқыратып шығару. Шәкеңнің Марк Беркович деген операторы болды. «Тақиялы періште», «Біздің сүйікті дәрігер», «Алдар көсе» фильмдері осы таланттың таспасына түскен. Асхат Ашрапов – «Қыз Жібекті» түсірген оператор. Бұл кісі Башқұртстанда туған. ВГИК-ті бітіріп, Шәкен Аймановтың ұсынысымен елге келіп, осында қалып қояды. Шәкенмен бірге түсірген «Атаманның ақыры» және «Ана туралы аңыз» да осы кісінің туындысы. Орта буыннан режиссер Ақан Сатаев пен кинооператор Хасан Қыдырәлиев екеуі түсірген классикалық фильмдер Қазақфильмнің «Алтын қорын» толтырды. Қазір оның Жантай деген ұлы ата кәсіпті қолына алды. Сатыбалды Нарымбетовтің фильмдерін де Хасан түсірді. Қазір жас кинооператор Еркінбек Пітірәлиев режиссер Әділхан Ержановпен шығармашылық тандем құрып, жетістіктерге жетіп жүр.

– Еркінбек Пітірәлиев қазақ киносының жас жұлдызына айналып келе жатқан сыңайлы.

– Әділханмен бірге түсірген «Сары мысық» фильмі халықаралық фестивальдерде жақсы бағаланды. Бұл Астанаға, магистратураға келген төрт досымның бірі болатын. Ол – Оскар киноакадемиясының мүшелігіне өткен тұңғыш кинооператор. 2020 жылы «Сары мысық» шетелді таңғалдырып, біраз жүлдеге ілікті, «Оскарға» ұсынылды. Туындыны жоғары бағалаған американдық киношылар сол кезде 30-дан енді асқан Еркінбекті академияның «Үздік операторлық жұмыс» номинациясын анықтап, дауыс беретін әділқазылар мүшесіне қабылдады.

– Бұл қазақ киносының жарқын болашағына меңзейді. Дегенмен теледидарды толтырып тұрған сапасыз сериалдар мен мәнсіз кинолар көрерменді мезі еткен жоқ па?

– Мұндай үрдісті барлық әйгілі киностудиялар өз басынан өткерген. Бір сәттік пайдаға құрылған коммерциялық, продюсерлік фильм деген болады. Қазір қалтасында ақшасы бар, атағын шығарғысы келген әнші, КВН-щиктер түсірген шала дүниелерден шаршап, талғамсыздықтың шарықтау шегінде отырмыз. Кәсіби тұрғыдан алып қарағанда, көбі сапалы техникамен түсірілген. Осындай ортанқол дүниелерден де оператордың нақышты қолтаңбасын танып қаламыз. Риза болатын кезіміз де бар. «Жарықты дұрыс қойып, композициясын жақсы ұстаған екен» деп қаламыз. Олардың көбін біле бермеймін. Алайда киноны көркем өнер деп бағалайтындардың шоқтығы әрдайым биік. Олардың мақсаты – мәңгілік, адамзатқа ортақ туынды түсіру. Ақша да маңызды емес. Талантты режиссер, жақсы сценарий болса, оператор аянбастан кірісіп кетеді. Халық жаманнан жерінип, арзан күлкі мен жеңіл дүниелерге сұранысы жоғалғанда, шын таланттылар бәрібір тесіп шығады. Қазақтың көркем әдебиетімен сусындаған, қазақы қаны бар, жеріміздің тау-тасын аралап, шөлден сұлулық көретін көзмергендер бүгінде идеясыз дағдарыста тосылып жүр, көргендері мен түйгендерін таспаға түсіре алмай жүргендері де баршылық.


– Қазақ киносының жұлдызы жанған сәтте жұмыла кірісетін мамандарыңыз дайын ба?

– Жылда жас талапкерлердің легін сұрыптап, оқуға қабылдаймыз. Ең үлкен конкурс біздe, жылына 20-30 бала бағын сынайды. Өкінішке қарай, қазақы балалар аз келеді. Он шақты жыл бұрын университеттің бағдарламасы аясында облыстарды аралайтынбыз, көзінде оты бар жастарды оқуға шақыратынбыз. Сол жылдары Орал, Атыраудан көптеп келді. Қазір көбіне Астана мен Алматыдан қаланың жастары келіп жатады. Іргедегі Қарағанды мен Көкшетаудан да балалар бар. Батыс, солтүстік, оңтүстік өңір таланттыларының шырағын жаға алмай жүрміз. Насихаты кемшін болып тұр. Тағы бір алаңдататын нәрсе – бұл мамандықты таңдайтын қыздар санының артуы. Операторлық темір-терсекпен байланысы болғаннан кейін қыздарға айтамыз, оны арқалап жүру оңай емес, айлап-жылдап орман-дала кезіп жүреді. Қар, жаңбыр, дауылға қарамайды. «Қалай жағдайларың болады?» дегенге де қайтпайтындар бар. Біз бөлмейміз, бірақ ескертеміз. Биыл сараптама жасадым. Осы уақытқа дейін факультетке 20 қыз түскен, оның 30 пайызы ғана студия ашып, фотограф болып нан тауып жүрсе, қалғаны басқа салаға кеткен. Ал үлкен кинода жүргендері өте сирек. Осы тұрғыдан келгенде, операторлық туралы мардымсыз мәлімет кинотану деңгейімізді төмендетіп тұр. Оқытушылық қызметімізді ғылымға бұрғандағы себебіміз қазақ кино әлеміндегі кинооператорлардың классикалық туындыларын зерттеп, ғылыми бағасын беру еді.

Сұхбаттасқан
Айгүл УАЙС

ТІГІНШІ КӘСІБІН ИГЕРДІ

Joltap – елордадағы жұмыссыздықты төмендетуге, тұрғындардың кәсіби дағдысы мен табысын арттыруға бағытталған әлеуметтік жоба. Оның аясында жұмысқа орналасу, қысқамерзімді кәсіби және цифрлық дағдылар бойынша оқу курсы өтеді. Осы курсқа қатысқандардың бірі – елордалық Тахмина Оңғарбаева.



19 жастағы Тахмина Оңғарбаева – қаладағы Қазақ ұлттық өнер университетінде киім дизайны мамандығының 2-курс студенті.

«Жаз мезгілінде тігін курсын іздеп жүрген едім. Себебі мамандығым бойынша тігіп үйрену мен үшін маңызды болды. Сол кезде әпкем маған Joltap жобасының тегін курстары туралы айтты. Осыған қызығушылық танытып, қаладағы «Баршаға мүмкіндік» модульдік пунктіне барып, жан-жақты ақпарат алып, курсқа тіркелдім» деді бойжеткен.

Жоба арқылы ол модельер-конструктор және тігін курстары бойынша білім алған.

«Модельер-конструктор сабағы маусым айында басталды. Ал тігін курсы шілденің ортасында басталып, тамыздың басында аяқталды. Курстар арқылы мен пішуді, сызбалар жасауды, оларды модельдеуді, түрлі тігіс түрлерін, қалта мен жаға пішіндерін тігуді үйрендім» деді елордалық студент.

Сондай-ақ ол курста теориялық сабақ пен практикалық тәжірибе қатар жүргенін айтты.

«Оқу процесі өте қызықты өтті. Модельер-конструктор курсында өткен тақырыптарды жазып алып, сол сәтте практикада жасап көрдік. Өз өлшемдерімізді алып, оларды сыздық. Кейін дайын қалып жасауды үйрендік. Ал тігін курсында сабақтың көп бөлігі практикаға арналды. Оқытушылар теорияны бірден практика жүзінде көрсетіп отырды» деді жобаға қатысушы.

Кейіпкеріміз курста үйренген дүниелерді күнделікті өмірде пайдасына жаратып жүр.

«Мұнда алған білімімді университеттегі жобаларда қолданамын. Мәселен, жақында өткен Fasion Eco Fest көрсетілімінде өз образыма арналған киімді сол алған білімнің арқасында тігіп шықтым. Менің ойымша, бұл жобаның пайдасы өте көп. Ол жаңа білім мен тәжірибе беріп қана қоймай, сенімділік пен шабыт сыйлайды. Сонымен қатар алған білім арқылы бірден жұмыс табуға мүмкіндік бар» деді ол.

Сөз соңында ол жоба ұйымдастырушыларына алғысын айтты.

«Ұстаздарымыз барлық ақпаратты қысқа әрі нұсқа түсіндіреді. Модельер-конструктор курсында 7 адам, ал тігінші курсында 11 адам оқыдық. Осы жоба арқылы курстарға қатысқаныма өте қуаныштымын. Ұйымдастырушыларға айтар алғысым шексіз. Joltap жобасы, расында, жастарға жол ашып, өмірде өз орнын табуға үлкен мүмкіндік береді» деп сөзін түйіндеді Тахмина Оңғарбаева.

Сәбина КӘКІМЖАН

Алтыншаш Жағанова 1945 жылы 23 желтоқсанда Ақмола облысының Астрахан ауданы Астрахан ауылында дүниеге келген. Адам болмысының қалыптасуы, мінезі негізінен, әрине, тегіне, отбасына, бала кезден көрген тәрбиесіне көп байланысты. Әкесі жылқышы Қайыржан мен анасы Мүслима қыздарын ер балаша еркін, ат үстінде мығым өсіріпті. Келешек қарымды қаламгер, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Алтыншаш тұлымшағы желбірген балауса кезінде-ақ бірге ойнаған, оқыған балалармен қаймықпай тайталаса, өзін де, сөзін де қорғай алған өжет болып өсіпті. Осы өрлік қасиет бұралаң өмір белестерінде Алтыншашты талай тығырықтан алып та шықты, шыңға да шығарды, жеңістерге де жеткізді.



АЛТЫНДЫ ТОТ БАСПАЙДЫ

Жазушы, мемлекет және қоғам қайраткері Алтыншаш Қайыржанқызы ЖАҒАНОВА – 80 жаста

Бойдағы табиғи талант пен өр талап оның қызметкерлік және шығармашылық қадамын еңбек жолында әуелденақ тең бастырды. 1961 жылы ауылда орта мектепте балаң мұғалім болып бастаған Алтыншаш кемеліне келгенде шығармашылықта – әдебиет пен журналистиканы, қоғамдық өмірде – мемлекетшіл, ұлтжанды қайраткерлікті тең ұстаған тұлға ретінде танылды. Әдетте жолы жіңішке әйелдің соқтықпалы өмір жолы кең даңғылға айналуы – парасат пен қасиет тірегі болған іркіліссіз ізденістің, талмаған талпыныстың, қажымас қайраттың нәтижесі екені даусыз. Алтыншаш Жағанова өз тұрғыластарымен қатар екі дәуірді – кеңестік және тәуелсіздік заманды бастан өткерді. Қай кезде де еңбегін туған елі, халық игілігіне арнады.

Әуелі шығармашылық қызметі туралы айтар болсақ, ол 1964 жылы Целиногрд облыстық теледидарында басталды. Орыс тілінде көркем жазатын жас талап қыз тез танылды, журналистігі жазушылыққа ұласты. Көп ұзамай 1965 жылы Алматыға «Қазақстан» баспасына редактор болып ауысты, астанада қаламгер қауыммен етене араласу басталды, жұмыста да, тұрмыста да орнын тапты. 1967 жылы «Амина, волки и конец света» («Әмина, қасқырлар және ақырзаман») деген тұңғыш кітабы жарық көрді, 1970 жылы шыққан «Аккоян – белая гончая» («Аққоян – құмай тазы») деген шығармасы әдеби қауымға Алтыншашты қарымы кең, қадамы тең қаламгер ретінде әйгіледі. «Жазушы» баспасына орыс редакциясының меңгерушілігіне тағайындалды.

Екі жылдан кейін Қазақстан Жазушылар одағы талабы өскелең жас жазушыны Мәскеудегі М.Горький атындағы әдебиет институтына оқуға жолдады, шығармашылық талантын біліммен шыңдауға мүмкіндік жасалды. Әдебиет институтында оқып жүрген кезінде қаламгерлік қабілетін ғана емес, ұлттық намысқойлығын да танытуға тура келген кездер бастан өтті. КСРО-ның әр қиырынан келген қауымның ішінде өздерін жоғары санап, менменсіген бейпілауыздар да кездесіп қалатын. Қазақ әдебиетінің деңгейіне, ел тарихына қатысты шолақ пікірлер, намысқа тиетін сөздер айтылып қалғанда сырт жер, бөтен орта екен деп қаймықпай, батыр апалары Әлия мен Мәншүк рухы жігерлендіретін Алтыншаш қайсар мінезімен де, жан-жақты білімімен де есесін жібере қоймапты.

– Бала күннен намысқой, ұлтжанды болып өсуім, ең алдымен, қарапайым шаруа ата-анам Қайыржан мен Мүслиманың тәрбиесі. Мектепте орысша оқуға мәжбүр болдық. Тың игеруге, жаңа өндірістер салуға сырттан келген түрлі ұлттар өкілдерінің күрт өсуінің салдарынан Қазақстанның көп өңірінде жергілікті қазақ байырғы өз жерінде азшылыққа айналып, шетқақпай көрген де кезең ұлтымыздың басынан өткен, соның бір мысалы – қазақ мектептері жаппай жабылды. Аудандарда, тіпті облыста, негізінен шаруа жайымен алыс қыстауларды мекендейтін қазақ малшылар балалары үшін бір қазақ мектебі интернат қана болатын жағдай туған. Атаанам үйде тек қазақша сөйлетіп өсірді, содан тілім сақталып қалды, бірақ жазуым орысша қалыптасты. Түрлі ұлттың ұл-қыздарымен қатар өсіп, бірге ойнап, бірге оқыған үйреншікті жағдай болғандықтан, олардан жасқану сезімі менде болған жоқ. Осы батылдық мінезге айналды. Ал қанша адам ұлттық тілінен айырылғандықтан, өзіндік ділі, болмысы жойылды, дүбәра күйге түсті. Осы қасіретті көргендіктен өз балаларымды қазақша тәрбиелеуге көңіл бөлдім. Сол шарасыздықтың зардаптары әлі де алдымыздан шығуда, – деп балалық шағын, өткен заманды еске ала отырып, сексеннің сеңгірінде Алтыншаш ана ұлт тағдыры туралы осылай толғанады. Оның шығармалары атауларының атойлап тұруының да, олардағы кейіпкер әйелдердің рухы өршіл, мінезі намысшыл, қиыншылықтарға жаси қоймайтын жігерлі болып келуінің де табиғаты осында жатқаны сөзсіз.

1974 жылы Мәскеудегі оқуын тәмамдап Алматыға келгенде, тағы да «Жазушы» баспасында қызметін жалғастырды. Осы кезде Алтыншаш өмірінде елеулі бір оқиға болды. Ақын Олжас Сүлейменов баспаға «АЗиЯ» деген мазмұны ерекше еңбегін ұсынды. 1975 жылы жарық көрген бұл кітаптың күллі КСРО-ны, әсіресе орыс ғалымдарын бірден дүрліктіргені бар. Өйткені ізденімпаз ақын бұл шығармасында орыс халқы руханиятының бастауы іспетті әйгілі «Игорь жасағы туралы жырдың» түркілік негіздерін дәлелдейтін еді. Ал бұл жырдан айырылса, орыстың көне әдебиетінде олар ауызға алар ештеңе қалмайтын. Сұмдық! Бұрын-соңды орыс руханиятына қатысты мұндай пікір айтылған емес және мұны айтуға кімнің батылы барып отыр десеңізші...

Бұл әсіресе кеңес халықтарының ағасы саналатын орыстың әдебиетші және тілші ғалымдарының шамына тиді, авторға жабыла бас салды. Осы екпінмен тіпті Мәскеудегі одақтық саяси басшылық бұл шығарманы орыс руханиятына, мәдениетіне жасалған шабуыл, ұлтшылдық деп тыжырына қабылдады. Содан шығарманы талқылау, авторды сілкілеу, кітаптың жарыққа шығуына қатысқандарды жазалау басталып кетті. Бірнеше он мыңдаған аса мол таралыммен шыққан, сатылуға түсіп кеткен кітап үлгергендерінше бүкіл елдегі дүкендерден жиналып алынды. Қайтарылған кітаптың аңдатпа сөз басылған беті жыртылып, күллі таралымға жаңа парақ желімделіп әлек болды.

Өршіп тұрған дауға ақырында Қазақстан басшысы Д.А.Қонаевтың өтінуімен тіпті Кеңес Одағының басшысы – Коммунистік партияның бас хатшысы Л.И.Брежневтің өзі араласуына тура келген. Ардақты Леонид Ильичтің шығармамен таныстым, даурығатындай зиянды ештеңесі жоқ деген тұрғыдағы сөзі лаулап тұрған отқа су сепкендей болып басылған. Олжас КСРО Ғылым академиясында өткен талқылаумен, сөгіс алумен, зерттеу шығармамда жаңсақтық жіберіп алыппын деп мойындаған болған ашық хат жазумен құтылса, «Жазушы» баспасы орыс редакциясының меңгерушісі Алтыншаш Жағанова қызметінен босатылып еді. Кейін заман өзгергенде Олжастың ол еңбегі талай рет қайта басылды, шығармада айтылған пікірлер жаңсақ та, зиянды да болмай шықты.

Драматург Алтыншаш осыдан кейін кино саласына ауысты. 1976-1982 жылдары Қазақ КСР Кинематография мемлекеттік комитетінде редакторлық қызмет атқарды, қазақ киносының көтерілуіне атсалысты. Ол тұста жаңадан кино түсіруге де және оның экранға шығуына да рұқсатты Мәскеу беретін. Оның қатаң сүзгісінен өту оңай болмайтын. Алтыншаш 1982 жылы «Жаңа фильм» журналының редакторы болып тағайындалып, кино насихатының жүйелі жолға қойылуына еңбек етті.

Алтыншаштың редакторлық қызметінде, әрине, «Қазақстан әйелдері» журналының орны бөлек. 1925 жылдан шығып келе жатқан, ғасырлық тарихы бар бұл журналмен қаншама ұрпақ тәрбиеленіп, өнеге алып өсті. 1988 жылдан «Қазақстан әйелдері» журналына А.Жағанова басшылық еткен тұста қашандағыдай елімізде еңбекте елеулі жетістіктерімен танылған әйелдер үлгісін, отаншылдықты насихаттаумен қатар, жаратылысы нәзік әйел болмысындағы, тәрбиесіндегі, қалыптасуындағы, өміріндегі бұрын ашық айтыла бермейтін шетін жәйттер туралы да батыл жазыла бастады. Журнал мазмұнын жаңашылдықпен кеңейтіп, еркін сырласу, кеңесу ортасына айналдыра алу оның тартымдылығын арттырды, таралымын айтарлықтай өсірді, еліміздегі ең таралымы көп басылымға айналды.

1990 жылы елімізде қоғамдық өмірді жан-жақты түбегейлі қайта құру жүріп жатқан кезеңде жаңа тұрпатты Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне (Парламентіне) «Қазақстан әйелдері» журналының редакторы Алтыншаш Жағанованың Қазақ республикалық әйелдер кеңесі біріктірген әйелдер кеңестері атынан халық депутаты болып сайлануы оның әйелдер қауымының мүдделері мен құқықтарын Парламентте жеріне жеткізе айта да, қорғай да алар қарым-қабілетіне, өзгеріп жатқан қоғам өмірінде алға шыққан тың талаптарға сай ойлай да, әрекет ете де алар қайраткерлігіне және жаңашыл жасампаз шығармашылық болмысына берілген баға әрі аманат еді. Алтыншаш бұл амантты мейлінше орындай алды.

Алтыншаш Жағанова – проза, драматургия саласында өндіре қалам тартқан жазушы. Оның жоғарыда аталған кітаптарынан басқа «Озорница» («Еркетотай»), «Шалунья» («Тентектер»), «Эхо по кругу» повестерінің, әңгімелерінің жинақтары шықты. Прозалық шығармалардан басқа «Все началось с апа» («Бәрі де анадан басталады»), «Ливень» («Нөсер»), «Перешагнувшие порог» («Ала жіп аттағандар»), «Неугомонная женщина» («Беймаза әйел»), «Агония» («Жан алқымда»), «Метастаз» («Обыр») пьесаларын жазды. Пьесалары Алматыда М.Әуезов атындағы академиялық драма театрында, Қарағандыда С.Сейфуллин атындағы драма театрында, Өзбекстанда Ташкенттің Хамза атындағы академиялық драма театрында қойылды. «Муслима» («Мүслима») кинофильмінің сценарийі бойынша толыққанды картина түсірілді, бұл шығармасы Алматыда неміс драма театрында сахналанды. Шығармалары қазақ, неміс тілдеріне аударылды.

Алтыншаш Жағанова – екі заманда еңбек еткен мемлекет және қоғам қайраткері. Кеңес дәуірінде 1961-1964 жылдары Ақмола облысының Астрахан аудандық, Целиноград облыстық комсомол комитеттерінде, кейін 1987-1988 жылдары Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық комитетінде жауапты қызметтерде болды. 1990 жылдары Парламент депутаты ретінде туған елі Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігінің бастауында тұрғандардың бірі еді.

Он екінші сайланған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің халық депутаты – Парламенттің Әйелдер ісі, отбасын, ана мен баланы қорғау комитетінің төрағасы, Төралқа мүшесі ретінде 1990 жылы Қазақстанда алғаш Президент қызметін тағайындау туралы заңның, Қазақстанның егемендігі туралы декларацияның, 1991 жылы Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы конституциялық заңның, 1992 жылы тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Ата Заңының, басқа да жоталы заңдардың, өзекті шешімдердің қабылдануына қатысты, сайып келгенде, жаңа да жас тәуелсіз мемлекеттің құрылуын, қалыптасуын құқықтық қамтамасыз еткен заңнамалық негіздерді қалау ісінің бел ортасында жүрді. Қазақ Елі Тәуелсіздігінің елеңалаңында – ел жаңаша заманды аңсаған, жаңғырған қоғамды күткен сол бір кезеңде ер-азаматтармен иық түйістіре қатар қызмет атқарып, халық өкілі ретінде елдік деңгейдегі түйінді мәселелерге белсене араласты, олардың оң шешілуіне мейлінше атсалысты.

Депутаттық қызмет аяқталған соң беделді қайраткер Алтыншаш Жағанова 1998-2004 жылдары Қазақстан Республикасы Көші-қон және демография агенттігін басқаруға тағайындалды. Бұл тағдырдың жазуымен әлемге шашырап, алыс-жақын шетелдерде – бұрынғы КСРО республикаларында, Еуропада, әсіресе Ауғанстанда, Иранда, Қытайда, Моңғолияда, Түркияда, басқа да елдерде мыңдап, миллиондап тұрып жатқан қандастарымыздың Тәуелсіз атамекенге аңсары ауған қауырт кезең болатын. Соларды мың-мыңдап жедел көшіріп әкелу, атажұртқа жайластыру жауапты ісі қайсар да іскер қайраткер А.Жағановаға жүктелді. Алтыншаш Қайыржанқызы бұл жұмысты да ойдағыдай атқарды.

Елде көппартиялық жүйе орнап, мемлекет басқаруға, өкілді органдарға депутаттар сайлауға саяси партиялар арқылы қатысу тәртібі қалыптасқанда бастамашыл А.Жағанова халыққа қызмет етудің бұл жолын да қалт жібермеу қажет деп ұйғарды. Сөйтіп 1995 жылы «Қазақстанның дәуірлеу демократиялық саяси партиясын» құрып, әділет органдарында ресми тіркете алды. Бұл партия кейін «Руханият» деп аталды.

Алтыншаштың өмірінде әйел, отанасы ретіндегі шетін жағдай отбасылық тағдыры еді. Адам бақытының, оның ішінде әйел бақытының мәні мен мазмұны бөлекше. Бұл – таусылмайтын тақырып. Алтыншаш апай – отбасына да, Отанға да қатар қызмет ете алған қайраткер-ана.

– Мемлекеттік қызметтен шет қалмауым – 45 жыл отасқан жұбайым көрнекті жазушы Әнес Сарайдың арқасы. Біз бір-бірімізге жағдай жасай алдық, ол маған алаңдамай қызмет істеуге мүмкіндік берді, өзі де өндіріп жазып, бұл дүниеден өткенінше шығармашылық ой-толғамдарын жазып, жарыққа шығарып үлгерді. Әйел ретінде сол кісімен бақытты едім. Біз қосылған кезде екеуміз де ажырасқан, бұрынғы отбасымыздан балаларымыз бар күйде едік. Біздің үйленуімізді сан-саққа жүгірткен жәйттер болмай қалған жоқ. Бірақ бір-бірімізді шынайы түсінгендіктен, жақсы көріп сыйласқандықтан қандай да бір қиындықтарды еңсере алдық. Қолымызда екі анамыз тұрды. Біздің тату-тәтті тұрмысымызға алдымен сол кісілер риза, қуанышты еді. Балалы-шағалы болдық. Егер әйел өзін бақытты сезінсе, үйдің де, түздің де тіршілігін тындыра алады. Сені үйде жайдары күтіп отырса, адамгершілікпен қолдап, ілгері басу қадамыңа кедергі жасамай әркез құптап жүрсе, неге бәріне де үлгермеске. Әнекең сондай адамгершілігі мол, азаматтық парасаты жоғары кісі еді, – деп толғанады Алтыншаш апа.

– 12 жыл отасқан алдыңғы күйеуім де белгілі жазушы, драматург, аса білімдар Асқар Сүлейменов, өкінішке қарай, отбасылық тіршілікке мойын бұра қоймайтын сері жан еді. Шығармашылықта түсінігіміз, талғамымыз, пікірлеріміз үйлесіп жатқанымен, тұрмысымыз кереғар-ды, бұл үйлесімсіздік екі балалы болсақ та ақыры ажырасып кетуімізге әкеліп соқтырды. Бізбен көрші тұрған әйгілі ақын Қадыр Мырза-Әлінің «Ұйық» эссесінде біздің үй-ішілік жағдайға еріксіз араласқан мән-жаймен оқырмандар таныс болар. Екеуміздің балаларымыз бір-бірімен араласады.

Қазақ елінің мәртебелі өкілі – депутат, мемлекет қайраткері ретінде талай мемлекеттер қайраткерлерімен тілдескен, пікірлескен, түрлі халықаралық жиындарға қатысып, мәртебелі мінберлерден салиқалы сөз сөйлеген Алтыншаш ана өмірлік тәжірибесін түйіндеп, бұдан әрі сөзін жастарға, сіңлілеріне арнап жалғастырды.

– Әрине, міндетті түрде заманауи білім-ілімді, технологияны меңгерген жөн. Елдің болашағы – сендер. Бірақ ұлттық құндылықтарымызды бір сәт те естен шығармаңдар, айналайындар. Қазақтың салт-дәстүрінің бәрі – тұнып тұрған тәрбие. Біліммен қоса, соның бәрін ақыл-парасат, ізденіспен өмірде ұштастырып, қолданып жүрсеңдер ешқашан кем болмайсыңдар. Жаһандану заманында ұлт пен ұлтты теңестіретін де, оздыратын да білім, Отаныңа, халқыңа қызмет ете алу мінезден екені мейлінше айқындалды.

Мен үнемі айтып жүремін, қазақтың қызы қандай болса, халқы да сондай деп. Ұлт болашағы әуелден әйел-ананың қолында екенін ұмытпауымыз керек. Халыққа көргенді, инабатты, саналы ұл-қыз тәрбиелеп беретін аналар. Ешқашан тәрбиеден қателік жібермеу абзал. Қазақтың ұлттық бір ерекшелігі – ата-ананы, үлкен кісіні сыйлау, олардың алдынан кесе-көлденең өтпеу, қарсы келіп салғыласпау.

Біз тілімізге, тарихымызға құрметпен қарайтын халық болуымыз керек. Жастарды жалаң намыс билемесін. Әлдебір жағымсыз істі көргенде немқұрайдылық таныту жамандықтың жайыла түсуіне соқтырары сөзсіз.

Мен әлемнің жарты бөлігін араладым. Талай дүниені көрдім. Бірақ ешқашан шетелге қызыққан емеспін. Мен үшін барлық керемет өз елімде, өз жерімде! Айналайын, жастар, міндетті түрде оқыңдар, тоқыңдар, шетелді де көріңдер, бірақ Отанға, өз туған халқыңа қызмет етіңдер. Қазақ екендеріңді мақтан тұтыңдар. Бүгінгі Тәуелсіздігіміздің қадіріне жете біліңдер.

Алтынды тот баспайды. Бұл сексен асудан өткен қадірлі апаның толғанысы, тілегі – ұрпақтарға аманаты.

Ақайдар ЫСЫМҰЛЫ,
Қазақстанның мәдениет қайраткері

№149 (4893) 18/12/2025 Бейсенбі



Өсімдіктер – тіршілігіміздің тынысы. Көкке бойлаған бір талдың, гүл ашқан бір бәйшешектің өзінде тіршіліктің жұмбақ тылсымы мен құпия сыры жатыр. Дегенмен елімізде өсетін әрбір түйір тұқым мен жапырақты зерттеп, олардың аурулары мен бейімделу механизмін бақылап, жоғалып бара жатқан түрлерді сақтап қалу жолында еңбектеніп жүрген мамандар жоқ емес. Солардың бірі – Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті биология және геномика кафедрасының профессоры, биология ғылымдарының докторы, профессор Сардарбек ӘБИЕВ. Ғылыми жолын өсімдік дүниесінің күрделі құбылысын тануға арнаған ғалыммен біз өсімдіктер әлемінің бүгіні мен ертеңі жайында әңгімелескен едік.

ӨСІМДІКТЕР ӘЛЕМІН ҚОРҒАУ – ҰЛТТЫҚ БОРЫШЫМЫЗ

– Әңгіменің әлқиссасын ғылым жолына келу тарихыңыздан бастасаңыз, аға. Өсімдік әлемін зерттеуге не түрткі болды? Білім жолындағы шешімдеріңізге әсер еткен ұстаздарыңыз жайында айтсаңыз.

– Әр істің өз себебі болады ғой. Мен Қызылорда облысы Жаңақорған ауданындағы қазіргі «Қожакент» кеңшарында 1946 жылдың 1 қаңтарында дүниеге келіппін. Аудан орталығында мектепті бітіріп, Алматыдағы Қазақ ауыл шаруашылығы институтының (қазіргі Қазақ ұлттық аграрлық ғылыми-зерттеу университеті) агрономия факультетіне оқуға түстім. Екінші курста бізге фитопатология пәнінен дәрісті биология ғылымдарының докторы, профессор Бердіқұл Қалымбетов атты ағайымыз оқыды. Орта бойлы, мығым денелі, өте ширақ, көзінен от ұшқындап тұратындай көрінуші еді бізге. Дипломдық жұмысымды осы ағайымыздың жетекшілігімен қорғадым. Бұл кез – оңтүстіктегі суармалы аймақтарда қант қызылшасының егіс көлемі артып, дақылға айтарлықтай көңіл бөліне бастаған уақыт. Жетекшімнің кеңесімен дипломдық жұмысыма осы дақылдың ауруларын зерттеп, олардың ең зияндыларымен күресу шараларын өндіріске ұсыну мақсаты қойылды. Не керек, дипломдық жұмыс қорғалды, келесі аспирантурадағы тақырыбым бидай өсімдігінің сабақ таты ауруы болды. Бұл тақырыпты таңдауыма ұсыныс жасаған да, ғылыми жетекшілік еткен де – Бекең. Сонымен, ғылымға келуіме, оның ғылыми салаларын өмір бойғы ізденіс нысаным етіп таңдауыма алғаш себепші болған – осы ағам. Өмірдегі барлық құбылысқа, болмысқа баға салыстырмалы түрде ғана беріледі ғой. Менің пайымымда Бекең ғылымда да, күнделікті тіршілігінде де «Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» деген нақыл сөзді өзіне берік ту етіп ұстаған ғұлама ғалым еді. Аспирантурадан кейін Қазақ Ғылым академиясының Ботаника институтына ұстазым Бердіқұл Қалымбетұлы ұйымдастырған «Споралы өсімдіктер биологиясы» деп аталатын лабораторияға жұмысқа орналастым. Жалпы өсімдіктер әлемі тұқым түзу түріне қарай екі топқа бөлінеді: споралы және дәнді өсімдіктер. Біздің лаборатория атына сай споралы өсімдіктермен, олардың ішінде балдырларды, саңырауқұлақтарды, қыналарды зерттеумен айналысты. Менің зерттеу нысандарым саңырауқұлақтар тобына жататындықтан, бізді микологтар деп атайды. Қоректену тәсіліне қарай барлық тірі организм екі топқа бөлінеді: өлі органикалық заттармен қоректенетін сапротрофтар және тірі организмдер ағзасымен қоректенетін паразиттер. Тат саңырауқұлақтары – менің зерттеу нысаным. Ол тірі өсімдік ағзаларымен қоректенетіндіктен, нағыз паразиттерге жатады. Ал бұларды зерттеушіні миколог-фитопатолог деп атайды. Сонымен, менің мамандығым биология ғылымының үш саласына: ботаникаға – ауру қоздырғыштардың иелік өсімдіктерін зерттеуге, микологияға – ауру қоздырғыш саңырауқұлақтарға және фитопатологияға – аурудың пайда болу себептерін анықтап, олармен күресу шараларын жасап, өндіріске ұсынуға арналды. Осы салаларға қатысты зерттеулерімнің нәтижелері 9 монографиямда, еліміздің және алыс-жақын шетелдік ғылыми басылымдарда жарық көрген 250-ге тарта мақалаларымда жарияланды. Ғылыми жұмыстарыммен қатар, ҚазМУ-да, аграрлық және педагогикалық университеттерде, қазіргі кезде Еуразия ұлттық университетінде студенттерге, магистранттарға жарты ғасырдан астам уақыт бойы дәріс оқып келемін. Жоғары оқу орындарының биология мамандықтарына арналған «Заманауи микология» (2015 ж.) және «Фитопатология» (2017 ж.) деп аталатын екі оқулығым жарияланды. Жалпы саны 23 ғылым докторын, ғылым кандидаттарын, PhD докторларын дайындап, қорғаттым. Тағы да 5 докторант ғылыми жұмысын қорғауға дайындау үстінде. 1995 жылы Қазақ Ғылым академиясының Алматыдағы байырғы Ботаника институты мен ғылыми институт құқығындағы бас ботаника бағы және оның облыс орталықтарында орналасқан 5 филиалы – ботаникалық бақтары бірігіп, «Ботаника және фитоинтродукция институты» деген атаумен жаңа ғылыми-зерттеу институты құрылды. Осы институтқа мені директоры етіп тағайындады. Бұл қызметті мен 2005 жылға дейін, яғни Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіне ауысқанға дейін атқардым. Алғашқыда «Биология және экология» кафедрасына, содан соң кафедраның бөлінуіне байланысты «Биология және биотехнология» кафедрасына меңгеруші болып, қазіргі кезде «Жалпы биология және геномика» кафедрасында профессор лауазымында қызметімді жалғастырудамын.

– Сіз ұзақ жыл бидай ауруларын зерттедіңіз. Бүгінгі Қазақстан бидайының сапасы туралы ғылыми тұрғыдан не айта аласыз?

– Бидай – бүкіл адам баласының басты қорегі. Брежнев ақсақалдың «Хлеб – всему голова» деген қанатты сөзі болатын. Осы үндеудің екпінімен еліміз астықты мемлекетке айналды емес пе?! Егетін дақылымыздың, бағатын малымыздың сапасын үнемі арттырып отырмасақ, ауыл шаруашылығы өндірісінен мол әрі сапалы өнім күту мүмкін емес. Үнемі есте тұруға тиісті жайт, жер бетіндегі барлық тірі организм қоршаған ортада үнемі азды-көпті динамикалық өзгеріс жағдайында болады. Яғни табиғи ортадағы өзгерістерге сай бейімделу, өзгеру үдерісінде болады. Мысалы, соңғы кездері жиі айтылып жүрген климат өзгерісін өзіміз де тікелей сезіп, байқап жүрміз ғой. Астанада тұрғанына небәрі 20 жыл ғана болды, соның өзінде байқағаным, 20 шақты жыл бұрын қазан айының басында-ақ жерде қар жататын. Ал биыл бірінші қар қарашаның 6-сында ғана жауды. Жылдық ауа температурасы, жауын-шашын мөлшері де біршама өзгерді. Бұдан басқа да бірден сезіле бермейтін қаншама табиғи, климаттық өзгерістер жүріп жатыр. Осының бәрі осы ортада тіршілік етуші тірі организмдерге тікелей де, жанама да әсер етіп, соңғылардың бейімделу реакциясын іске қосып отырады. Бұл өз кезегінде ортаның өзгерістеріне неғұрлым жылдам әрі жақсы бейімделген түрлердің жақсы дамып, көбеюіне басымдық беріп, табиғатта кең таралуына, көп ұрпақ беруіне жол ашады. Керісінше, табиғаттың өзгерістеріне бейімделе алмаған түрлер бірте-бірте азайып, жойылып кету қаупіне ұшырайды. Ал мәдени өсімдіктердің сұрыпталуына адам тікелей әсер етеді. Ол сол елдің ішкі-сыртқы сұранысына, экономикалық мүмкіндігіне, шаруашылық деңгейіне, т. б. байланысты.



– Сонда қазіргі бидай сорттарының ауруларға төзімділігіне баға бергенде тек сорттың өзіне ғана емес, оны өсіру жағдайы мен уақыт өте өзгеріп отыратын ауру қоздырғыштардың ерекшелігін қатар ескеру керек дейсіз ғой?

– Біздің органикалық дүниеде өзгермейтін ешнәрсе жоқ. Өсімдіктің ауру қоздырғыштарының сыртқы морфологиясы тез өзгере қоймағанмен, физиологиясы, сапасы, яғни расалық құрамы тез өзгеріп отырады. Осыған орай, ауру қоздырғыштардың сол аймақтағы өсімдік түрлері, зақымдау қабілеті үнемі өзгерісте. Сондықтан өндіріске ендірмес бұрын шаруашылық-құндылық тұрғысынан бағалы деп танылған сорттар, сол аймақта кең таралған ауру түрлеріне беріктік тұрғысынан арнайы сынақтан өтуі міндетті. Бұрынғы сорттармен салыстырғанда бүгінгі бидайдың сапасы әлдеқайда жоғары деп айту қиын. Себебі алдымен сұрақтың қандай сапалық көрсеткіш жөнінде екенін анықтап алуымыз керек. Егер сұрақ ауруға беріктік тұрғысында болса, онда ол кездегі ауру қоздырғыштардың расалық құрамы бүгінгіден басқаша екенін ескеруіміз керек. Дегенмен ғылым мен техника үнемі даму үдерісінде, онсыз қоғамда прогресс мүмкін емес. Оның үстіне қазіргі кезде халықаралық тәжірибе алмасу, бидай сұрыптарымен алмасу қарқынды жүруде. Жаңа сорттар шығарумен айналысатын, оларды және шеттен әкелінген сорттарды әртүрлі сынақтан өткізетін ғылыми-тәжірибелік мекеме көбейді. Сондықтан қазіргі бидай сорттарының сапасына күмән келтіруге негіз шамалы.

– Дегенмен табиғатқа түсетін жүктеме жыл сайын артып келеді. Елдегі сирек және жойылу қаупі бар өсімдіктерді сақтау ісі қалай жүріп жатыр?

– Дұрыс айтасыз, халық саны көбейген сайын табиғатқа түсетін қысым арта түседі. Мал басы өссе – жайылымды ұлғайту керек, егін алқабын арттырсақ – табиғи өсімдіктердің таралу аймағы тарыла түседі. Ал жер көлемі ұлғаймайды ғой. Оның үстіне климаттың өзгерісі, қоршаған ортаның ластануы, мал басының көбеюі сиреп бара жатқан өсімдіктердің жойылу қаупін күшейте түседі.

– Осы жағдайда қалалар маңында жасалып жатқан жасыл белдеулер экологиялық тепе-теңдікті сақтауда қаншалықты маңызды?

– Жасыл белдеулердің маңызы зор. Олар табиғи экожүйелерге түсетін қысымды біршама бәсеңдетіп, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі үшін қосымша қорғаныш аймақ қызметін атқара алады. Жалпы сирек кездесетін, жойылу қаупі төнген өсімдіктерді қорғаудың жолы әрқалай. Ең алғашқысы олардың қазіргі жағдайын, сиректелу себептерін анықтау қажет. Жойылу қаупі төнген түрлерді Қызыл кітапқа енгізу керек. Қызыл кітапқа енген түрлер арнайы заңмен мемлекет тарапынан қорғауға алынады. Қазақстанда өсімдіктерге арналған Қызыл кітаптың екі басылымы жарық көрді. Біріншісі 1982 жылы, екіншісі тәуелсіздік жылдары, нақтырақ айтсақ, 2014 жылы жарияланды. Алғашқы басылымға жойылу қаупі төнген түрлердің 303 түрі кірсе, екіншісінде 387 түр енгізілді. Яғни арадағы бар болғаны 30 жылға тарта уақыт ішінде жойылу қаупі төнген өсімдік түрлерінің саны 87-ге артқан. Бұл табиғатқа антропогендік қысымның соншалықты қарқынды жүріп жатқанын көрсетеді. Сирек кездесетін, жойылу қаупі бар түрлерді қорғаудың нақты жолы – мұндай түрлердің көп шоғырланған аумақтарын айрықша қорғалатын аймақтарға (қорықтар, қорықшалар, табиғи ескерткіштер) айналдыру. Тіпті жойылады-ау деген түрлерді ботаникалық бақтарда өсіріп, көбейтіп, содан соң әдепкі табиғи өсу ортасына қайтару – реинтродукциялау.

– Қызыл кітапты оқымаған халық дала төсіндегі сирек өсімдікті жұлып жатқанын қайдан білсін?! Жұлған күннің өзінде далада камера жоқ қой.

– Жалпы табиғатты қорғау, аялау ұлттық деңгейде, яғни жалпыхалықтық деңгейде жолға қойылу керек. Ол үшін бұқараға экологиялық тәрбие беруді балабақшадан, бастауыш сыныптан міндетті пән ретінде жүргізген абзал. Екіншіден, бұған баспасөз, радио-теле, құқық қорғау қызметкерлері барынша әрі тұрақты түрде өз үлесін қосуы қажет. Бір түрдің сол түр болып қалыптасуы үшін табиғат миллиондаған жылдар бойы жұмыс жасайды, ал оны табиғаттан жойып жіберу үшін адамның бар болғаны ондаған жылдар ғана ойсыз әрекеті жетіп жатыр.

– Бұл бағытта ботаникалық бақтар нақты не істеп жатыр? Жалпы Астанадағы ботаникалық бақтың жұмысы өз жемісін бере алды ма?

– Табиғатты қорғауда, аймақтың гендік қорын байытуда, халыққа экологиялық білім және тәрбие беру, т. б. мақсатта ботаникалық бақтардың маңызы өте зор. Қазіргі таңда Қазақстанда 5 ботаникалық бақ бар. Еліміздің оңтүстігінде бас ботаникалық бақ (Алматы қ.) пен Іле ботаникалық бағы (Бақанас қ.), орталығында Жезқазған ботаникалық бағы (Жезқазған қ.), шығысында Алтай ботаникалық бағы (Риддер қ.), батысында Маңғыстау ботаникалық бағы (Шевченко қ.), солтүстігінде Астана ботаникалық бағы өз міндетін атқаруда. Бұлардың ішіндегі «ең жасамысы» Алматыдағы бас ботаникалық бақ, іргетасы өткен ғасырда – 1932 жылы қаланған. «Ең жасы» – Астана ботаникалық бағы, ол 2018 жылы ашылды. Бұл бақтың ашылуына өзімнің де біршама қатысым бар. Бұл тәуелсіздіктің алғашқы жылдары болатын. Еліміздің астанасы бұрынғы Ақмола қаласына, қазіргі Астанаға көшкен. Мен ол кездері Ботаника және фитоинтродукция институтының директоры қызметінде едім. Еліміздегі барлық ботаникалық бақ осы институттың филиалдары құзырында болатын. Қазақстанның солтүстігінен басқа барлық аймағында ботаникалық бақ бар да, тек солтүстігінде жоқ еді. Оның үстіне Ақмоламыз мемлекетіміздің астанасы болып жатыр. Жалпы қай мемлекетке барсаңыз да бас қаласында міндетті түрде ботаникалық бақ болады. Екіншіден, ғылыми тұрғыда, солтүстік аймақтарымызды қамтитын, осы жерлеріміздің табиғат-климат, топырақ ерекшелігіне сәйкес келетін әлемдік флора өкілдерін таңдап, саралап, осы аймаққа жерсіндіру, яғни интродукциялау мақсатын жүзеге асыру ауадай қажет еді. Мінекей, осы айтылғандарды негізге алып, институтымыздың атынан тиісті мекемелерге, министрлікке Астана қаласына ботаникалық бақ салу идеясын ұсындық. Сол кездегі Ақмола облысының әкімі Владимир Карлович Гартман бізді жақсы қабылдап, қаланың аумағын аралатып, жер таңдауға мүмкіндік берді. Біз Астана-Қарағанды тасжолына жақын, аумағы шамамен 70 гектар болатын, қасында өзені бар суармалы алқапты таңдадық. Алайда түрлі себеппен ол жер сол күйі баққа айналмады. Тек 2018 жылы институтымыздың қазіргі директоры, менің шәкіртім десем де болады, академик Гүлнәр Тоқбергенқызының бастамасымен Астана ботаникалық бағы ашылып, идеямыз сәтімен жүзеге асты.

Сұхбаттасқан
Шапағат ӘБДІР

№149 (4893) 18/12/2025 Бейсенбі



Жалғас ЖАҚЫПОВ, полиция подполковнигі:

ТУРИСТЕР ЕЛОРДАДА ЕРКІН ЖҮРЕ АЛАДЫ

Елордаға келетін туристердің саны жыл сайын артып келеді. Туризм саласын дамыту жолында қоғамдық қауіпсіздік пен қызмет көрсету деңгейі жоғары болуы аса маңызды. Бұл бағытта туристік полиция қызметкерлерінің еңбегі зор. Олар көмекке мұқтаж жандарға қол ұшын созып, түрлі ұлт өкілдеріне қала бойынша дұрыс бағдар беріп, қауіпсіздік пен жайлылықты қамтамасыз етеді. Осындай жауапты қызметті абыроймен атқарып жүрген мамандардың бірі – полиция подполковнигі, туристерге қызмет көрсету инспекторы Жалғас Жақыпов.

– Жалғас Балабекұлы, әлеуметтік желі арқылы өзіңізді төрт тілді жетік меңгерген қызметкер ретінде астаналықтар өте жақсы таниды. Елордаға қашан келдіңіз?

– Бұл салада жүргеніме 17 жылға жуықтады. Қазіргі таңда қаланың қоғамдық тәртібімен қатар туристік бағытты қатар алып жүрмін. Таңғы сағат 06:30-да жұмыс орнында болуым керек. Әріптестеріммен жиналып, бұйрық аламыз. Сол бойынша кешкі сағат сегізге дейін қызмет атқарамыз. Біздің басты мақсат – туристерге ақпарат беріп, қазақтың қонақжайлығын көрсету. Туристік полицейлердің барлығы – бірнеше тілді қатар меңгерген білімді азаматтар. Өзім қазақ, орыс, ағылшын және қытай тілдерінде еркін сөйлесе беремін. Заң ғылымдарының магистрімін. Елордаға қызмет бабымен келгеніме бес жыл болады. Мұнда халықаралық стандарттарға сәйкес тест тапсырып, тіл меңгеру деңгейімді жетілдірдім. Қазіргі уақытта қытай тілін оқып жүрмін. Бір тілді толық меңгеру үшін кемі 3-4 жыл керек болады. Тілді меңгергенімді растайтын сертификатты алғаннан соң французша үйренуді жоспарлап жүрмін. Еуропада бұл тіл бірнеше елде мемлекеттік тіл санатына жатады. Сондықтан, осыны ескере отырып, французша үйренуді жөн көрдім. Мейлінше адам білімнің хақысын беруі керек. Рухани әрі біліммен бай тұлға болып қалыптасқан абзал.

– Туристерді көбіне не қызықтырады?

– Туристік полицейлердің елордада қызметтік төрт ландшафты бар. Олар – Бәйтерек, Ханшатыр, ЕХРО және Тәуелсіздік және келісім сарайы. Аталған бекеттерде мамандар жеткілікті. Барлығы сауатты. Туристер көбіне ұлттық тағам дайындайтын дәмханаларды сұрайды. Кейде қаражаттарын қайда сақтап, инвестицияны қайда құятынына дейін ақпарат алғысы келеді. Сондай-ақ қаланың ең көрікті жерлерін, қонақ үйлерді, дүкендерді, жол картасын көрсетуді өтінеді. Ал біз барынша білгенімізбен бөлісуге тырысамыз. Кейде оларды қажет мекенжайына дейін жеткізіп саламыз. Бірақ, олар елордамызды өз елдерімен салыстырады. Барлығын қарап, бизнес ашуға қолайлы салалар мен өнеркәсіп туралы ақпарат жинап жүреді. Елге келген туристердің әрбіріне көмектесуді парыз санаймыз. Ел аралап жүрген саяхатшылардан бөлек елшілік қызметтегі тұлғаларды да ақпараттандырамыз.

– Көбіне қай елдің азаматтары қонақ болып келеді?

– Келушілердің ең көбі – АҚШ, БАӘ, Франция, Германия, Шығыс Еуропа елдері, Қытай және Жапония ұлтының азаматтары. Олар аздаған уақытта астананың осыншалық көркейгеніне тамсанып, таңдай қағып кетеді. Әрбір кәсіптің жұмысшыға беретін адамзаттық құндылықтары бар. Бірнеше ұлт өкілдерінің мәдениетімен танысып, оларға жәрдемдесу де зейіннің шоғырлануы мен адами құндылықтарды талап етеді.

Менің ойымша, біздің ел жайлы өзге ұлт өкілдері жағымсыз пікірде болмауы керек. Сондықтан барымызды салып жұмыс істейміз. Оларға көмектескеннен шабыт аламын. Өзгелерге пайдаң тисе, қоғамға қажеттілігіңді сезінесің әрі адамдардың ризашылығын аласың.

– Жалпы, Туристік полиция қызметі қашан құрылды? Алда қандай мақсаттар бар?

– Туристер астаналық қауіпсіздікке ерекше сенеді. Әрбір бұрыштарда, бағаналарда, сондай-ақ тұрғын үйлерде түгел бейнекамералар орналасқан. Көшеде патрульдік қызметкерлер жүреді. Бір сөзбен айтқанда, туристер Астанада емін-еркін, қорықпай жүре алады.

Туристік полицейлердің штабы 2019 жылы құрылды. Сол бастама бүгінде оң нәтиже беріп келеді. Алдағы уақытта бұл салаға жаңғыртулар енгізу керек. Еліміздің мегаполистерінде туристік полицейлерді шет елдерге тәжірибе алмасуға жіберсе, қызмет одан әрі дамып, мүмкіндіктер арта түсетін еді. Мәселен, еліміздегі туристік полициядағы артықшылық – туристік полицейлеріміздің тіл білуінде. Ал басқа мемлекеттерде өз тілінде ғана сөйлейді. Ал бұл туристер үшін тиімсіз деп ойлаймын.

Әңгімелескен
Ерасыл НҰРЛЫБЕКҰЛЫ

АКЦИЯ КЕЗІНДЕ ҚҰҚЫҚ БҰЗҒАН

Елордада Байқоңыр ауданы Полиция басқармасының учаскелік полиция инспекторлары «Заң мен тәртіп» қағидатын және «Таза Қазақстан» акциясының мақсат-міндеттерін басшылыққа ала отырып, әкімшілік аумақты аралау жұмыстарын тұрақты түрде жүргізуде.

Бұл шаралар қоғамдық тәртіпті нығайтуға, экологиялық мәдениетті арттыруға және тұрғындар арасында нөлдік төзімділік қағидатын қалыптастыруға бағытталған. Жүргізілген профилактикалық іс-шара барысында тәртіп сақшылары Жетіген көшесінің бойындағы тұрғын үйдің жанында тұрмыстық қоқыс қалдықтарының рұқсат етілмеген жерге тасталғаны анықталды. Тәртіп сақшылары жедел түрде аталған құқық бұзушылыққа қатысы бар тұлғаны анықтады.

Қоршаған ортаны ластағаны үшін ол ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 505-бабы 1-бөлігі бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Астана қаласы Полиция департаменті тұрғындарды қаланың санитарлық тазалығын сақтауға, қоқысты тек белгіленген орындарға тастауға және экологиялық тәртіпке немқұрайлы қарамауға шақырады.



ҚОҒАМДЫҚ ОРЫНДАРДАҒЫ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ

Адамдар жаппай жиналатын орындардағы өрт қауіпсіздігі әрбір азаматтың ерекше назарында болуы тиіс. Сауда-ойын-сауық орталықтары, базарлар, кинотеатрлар, вокзалдар, білім беру және медициналық мекемелер күн сайын жүздеген адамдарды қабылдайды. Сондықтан өрт қауіпсіздігі талаптарын қатаң сақтау – халықтың өмірі мен денсаулығын қорғаудың маңызды шарттарының бірі.

Қоғамдық ғимараттарға барған кезде эвакуациялық шығу жолдары мен олардың орналасуына, сондай-ақ өрт қауіпсіздігі белгілері мен эвакуация жоспарларына назар аудару қажет. Дәліздерде, баспалдақ алаңдарында және эвакуациялық шығу есіктерінде бөгде заттарды қоюға, сондай-ақ адамдарды эвакуациялауға арналған есіктерді жабуға немесе бұғаттауға жол берілмейді.

Электр жабдықтарын пайдалану кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау аса маңызды. Ақаулы электр құралдарын қолдану, электр желісін шамадан тыс жүктеу және қосулы күйде қараусыз қалдырылған тұрмыстық құралдар өрттің шығуына себеп болуы мүмкін. Ғимарат ішінде темекі шегуге тек арнайы белгіленген орындарда ғана рұқсат етіледі, өйткені отты абайсыз пайдалану өрттің негізгі себептерінің бірі болып табылады.

Өрт болған жағдайда сабыр сақтап, 101 немесе 112 нөмірлері арқылы шұғыл қызметтерге дереу хабарлау және ғимараттан ең жақын эвакуациялық шығу арқылы шығу қажет. Өрт кезінде лифтіні пайдалануға қатаң тыйым салынады. Ғимаратта түтін болған жағдайда тыныс алу жолдарын дымқыл мата арқылы қорғап, еңкейіп немесе жорғалап қозғалу ұсынылады. Балаларға, қарт адамдарға және мүмкіндігі шектеулі жандарға эвакуациялау кезінде көмек көрсетуге ерекше көңіл бөлінуі тиіс.

Өрт қауіпсіздігінің қарапайым талаптарын сақтау – адам өмірін қорғаудың және ауыр зардаптардың алдын алудың кепілі. Әрбір адамның өрт қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарауы адамдар жаппай жиналатын орындарда қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Дария БАЙЗУЛОВА,
Астана қаласы ТЖД
Алматы ауданы Төтенше жағдайлар басқармасының бас маманы, азаматтық қорғау аға лейтенанты

ШЫРША САТУДА ЗАҢСЫЗДЫҚ БОЛМАСЫН!

Елордада Жаңа жыл мерекесі қарсаңында «Шырша» республикалық жедел-профилактикалық іс-шарасы өтуде. Акция 15-31 желтоқсан аралығында ұйымдастырылып отыр.

Іс-шараның негізгі мақсаты – қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету, азаматтардың қауіпсіздігін күшейту, сондай-ақ қылқан жапырақты ағаштарды заңсыз кесу, тасымалдау және сату фактілерінің алдын алу. Оның аясында полиция қызметкерлері уәкілетті органдармен бірлесіп шырша сату орындарында, базарлар мен сауда нүктелерінде, сондай-ақ елордаңың жасыл белдеу аумағында рейдтік іс-шаралар жүргізуде. Заң талаптарын бұзу деректері анықталған жағдайда кінәлі тұлғалар қолданыстағы заңнамаға сәйкес жауапкершілікке тартылады.

Полиция азаматтарды тек рұқсат етілген сауда орындарынан шырша сатып алуға және табиғатты қорғау талаптарын сақтауға шақырады. Қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар акция аяқталғанға дейін жалғасады.



ПИРОТЕХНИКА ҚОЛДАНУҒА ТЫЙЫМ САЛАДЫ

Астанада Байқоңыр аудандық полиция қызметкерлері Көшке Кемеңгерұлы атындағы №49 мектептің акт залында 8-сынып оқушыларымен пиротехникалық бұйымдар мен тасымалданатын лазер сәулесін қолдануға тыйым салу тақырыбында профилактикалық дәріс өткізді.

Дәріс барысында оқушыларға пиротехниканың қауіптілік деңгейі, мереке күндері жиі кездесетін жарақат алу қаупі, сондай-ақ заңсыз қолданған жағдайда қарастырылған әкімшілік жауапкершілік пен айыппұлдар егжей-тегжейлі түсіндірілді. Сонымен қатар, лазер сәулесінің адам көзі мен денсаулығына тигізетін зияны туралы нақты мысалдар келтірілді.

Іс-шараның негізгі мақсаты – оқушылардың қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру, мереке кезінде қауіпті бұйымдарды қолданбау, өз өмірі мен денсаулығын қорғау қажеттілігін түсіндіру.

Полиция қызметкерлері оқушыларды қауіпсіздік талаптарын сақтауға, пиротехникалық заттардан бас тартуға және кез келген қауіпті жағдайды дер кезінде ересектерге немесе тиісті органдарға хабарлауға шақырды.

№149 (4893) 18/12/2025 Бейсенбі

ДҮЙСЕНБІ
22 ЖЕЛТОҚСАН

QAZAQSTAN

5:30 Әнұран
5:35 «Көңіл толқыны»
6:10 «Ауыл мұғалімі». Телехикая.
7:00 «TAŃSHOLPAN».
9:00 «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ». Телехикая.
10:10 «Бір сен үшін». Телехикая.
12:15 «Қызық екен...».
13:10 «Сезім толқыны». Телехикая.
14:10 «Апта». Сараптамалық бағдарлама.
15:00 «Әндер мен жылдар».
16:00 «ЖАЛҒАН ӨМІР». Телехикая.
17:20 «ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ».
18:00 «БІР СЕН ҮШІН». Телехикая.
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «МАХАББАТ ЕРТЕГІСІ». Телехикая.
22:20 «АШЫҚ АЛАҢ».
23:10 «1001 ТҮН».
0:10 «Жалған өмір». Телехикая.
1:00 «Қазір айтайық».
2:15 «Ашық алаң».
3:00 «Апта». Сараптамалық бағдарлама.
3:50 «Ауылдастар»




05:00 Концерт “Фарида Жолдасова сахнада 25 жыл”
07:00 “Оян!”
09:00 Мультсериал. “Белка и стрелка. Озорная семейка”
09:30 Телесериал “Моя прекрасная жизнь”
11:30 Пульс планеты
11:40 “Хақың бар”
12:00 Телехикая “Ғашықтың тілі”
13:45 Телехикая “Келінжан 6”
15:30 “Айтыс айнасы”
16:00 Телесериал “Бедная Настя”
18:00 Новости
18:25 Жер-жаһан
18:35 Жаңалықтар
19:00 “Cover show”
20:00 Телехикая “Ғашықтың тілі”
21:45 Телехикая “Келінжан 6”
23:30 “КешREC”
00:30 Телесериал “Бедная Настя”

ASTANA TV

06.00 «Сөнбеген жалын» телехикаясы
07.20 «Ана бақыты» телехикаясы
09.00 «Үкім» телехикаясы
10.35 «Қорғансыздар» телехикаясы
12.00 «Алпарслан» телехикаясы
13.45 «Еркектерге қарсы» телехикаясы
15.20 «Зу-Зу Күлпаш 3»
16.40 «Выбор матери» телесериал
17.50 «Пропавшая невеста» телесериал
19.00 «Astanatimes»
20.00 «Үкім» телехикаясы
21.10 «Қорғансыздар» телехикаясы
22.10 «Сөнбеген жалын» телехикаясы
